Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 2 (1109)

13.01.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЮ» ҚАЙДА ҚАЛДЫ?

КҮНІ КЕШЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ТАРАҒАН ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ ҚЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛДЫҢ БЕЙНЕЖАЗБАСЫ БҮКІЛ ЕЛДІ ШУЛАТТЫ. БЕЙНЕТҮСІРІЛІМДЕ ҮШ ҚЫЗ БІР ҚЫЗДЫ ЖАБЫЛЫП АЯУСЫЗ СОҚҚЫҒА ЖЫҚҚАН.

Оқиғаға қатысты Жетісу облыстық полиция департаменті түсініктеме берді. Төбелескен жасөспірімдердің кім екендері анықталып, олардан жауап алынды. Кәмелетке толмаған қыздар облыс орталығы мен Қаратал ауданының білімгерлері болып шықты.

Оқушыны аяусыз ұрған үш қыздың ата-анасына қатысты сот отырысы өтіп, әрқайсысына 69 мың теңгеден айыппұл салынды. Ал жеткіншектердің өздеріне қатысты әкімшілік іс сотта қаралуда. Оларға да айыппұл жазылады немесе 15-20 тәулікке дейін қамауға алынуы мүмкін.

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Берік ДҮЙСЕНБИНОВ қыздардың бұл ісін бұлай қалдырмауын жеткізді.

– Мына қыздардың қылығын көріп, қыз деп айтуға ауыз бармайды. Қоғамды кінәлап қажет емес. Бұған тікелей кінәлі әке-шешесі. Мен осы Ішкі істер министрлігінің қоғамдық кеңесінің мүшесінде бармын. Бұл бейнетүсірілімді олардың қарауына жіберемін. Өйткені мәз-мейрам болып жазадан құтылып кеттік деп отыр ғой. Мәселе жазада емес. Мұндай іске шығып келе жатқан жерінен балта шабу керек, – деді.

Жетісу облысы білім басқармасы да осы мәселеге қатысты мәлімдеме жасап, жағдайға байланысты басқарманың, құқық қорғау органдарының, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің өкілдерінен тұратын арнайы комиссия құрылғанын жеткізді.

«Тексеру комиссиясы оқып жатқан, күш қолданған қыздардың білім беру ұйымдарында ары қарай оқу мәселесі де қарастырылатын болады. Жәбірленген қызға барлық қажетті психологиялық көмек көрсетілуде. Бұл оқиға Талдықорғандағы пәтерлердің бірінде сабақтан тыс уақытта болған», – деп мәлімдеген басқарма хабарламасында.

Оқиғаға қатысты бейнежазбаны әлеуметтік желіге жүктеген жасөспірім және оның әкесі кешірім сұрады. Бұл туралы полиция департаментінің ресми парақшасында жарияланды.

Қазақ халқы әрқашан қыздың тәрбиесіне баса назар аударған. Қызға қырық үйден тыйым салып, жүріс-тұрысын қадағалаған. Ал бүгінде бесіктен белі шықпай жатып өзімшілдікке, қатігездікке салынатын балалардың тәрбиесіне, тізгінді бос жіберген ата-ананы жазғырамыз ба, әлде әдеттегідей кінәні қоғамнан іздейміз бе?!

А. БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

ПЕРІШТЕ КЕЛДІ, ПЕРІШТЕ КЕТТІ

Жетісу өңірінде жантүршігерлік оқиға орын алды. 6 жасар бала өзінің үш айлық қарындасын пышақтап өлтіріп қойды...

Қара жамылған отбасының бес баласы бар. Үлкен екі ұлы студент. Анасы үшінші ұлын мектепке алып кетіп, үш айлық нәрестемен 6 жастағы төртінші ұлын үйге тастап кеткен. «Неге бұлай істедің?» деген сұраққа 6 жастағы бала «ол жылап мазамды алды» деп жауап берген. Баланың ешбір психикалық ауытқуы жоқ, бірінші сыныптың оқушысы.

Ауылдастары бұл жаңұя жайлы тыныш, қатардағы отбасы екенін айтқан. Ал қоғам ішінде түрлі пікір туындауда. Оқиғаға қатысты халық қалаулысы Нұртөре (Ж) ағамыз да үн қатып: «Бұл оқиға неден өрбіді? Бала көргенін істейді. Ал көретіні соткадағы сұмдық болса ше? Ұялы телефон ұлттың түбіне жетпей қоймайды-ау осы!» деп жазады.

Жан түршіктірер оқиғаға қатысты пікірін білдірген Талдықорған қаласындағы «Ясмин» орталығының психологы Гүлден Молдыбайқызы мұны балаға дұрыс көңіл бөлінбегендіктен әрі ішкі агрессия болуы мүмкін дейді. Маман сөзінше, отбасында қандай, қаншасыншы бала болмасын 7 жасқа дейін толыққанды махаббатқа бөлеп, өсіру қажет. Көбіне 3-7 жас аралығында оларда түпсана жақсы жұмыс жасайды. Көп травма да осы аралықта қалады екен. Бала қаннен қаперсіз еркелеп жүріп, бір сәтте бар көңіл басқа жаққа ауып кеткен соң, қарындасын кінәлі санап осындай іске баруы мүмкін...

Кез келген әйел жүкті болып жүргеннен бастап үйдегі өзге балаларын психологиялық тұрғыда дайындау керек. Мәселен балаға «ой, сен сасып қаласың», «енді сені еркелетпейміз» деудің орнына, «балам сенің қарындасың болады», «ол сенің бөпең» деп жақсы сөздерді айтып, түсіндіру қажет. Жалпы әр ата-ана жылына бір рет болса да баланы психологқа апарып тұру керектігін есте ұстаған жөн. Бала мінезіндегі өзгерістерді анықтап, олқылықтар болса, орнын толтырған дұрыс.

Әр ата-ана үшін бауыр еті баласы ыстық қой. Ешкім баласын бөліп-жарып, төмендетпейді. Алайда, түрлі технологиялардың дамып, баланың миына ойын арқылы түрлі ойларды салып жатқан мынадай заманда – әрбір әке-шеше баласының тәрбиесі үшін үнсіз қалмай, өзіндік шаралар қолдана білуі тиіс...

Арайлым НҰРЖАПАР

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ
әрдайым бірінші орында

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОСЫ ЖЫЛДЫ «ОРЫС ТІЛІ ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. БҰҒАН ҚАТЫСТЫ ЕЛ ІШІНДЕ ТҮРЛІ ПІКІРЛЕР ОРЫН АЛУДА.

Олардың басым бөлігі алдымен қазақ тілін ұшпаққа шығарып алғанымыз жөн екенін айтады. Яғни, ел боламыз, ұлт боламыз, халық боламыз десек, қазақ тілінің жоғын жоқтауымыз керек .

Жалпы осы «орыс тілі жылы» дегенге Жетісу облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Ермек Ақшабаевтың көзқарасы қандай?

– *Менің жеке пікірім мемлекеттік тілдің қолданыстағы рөлін орыс тілімен салыстырудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймын. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды.*

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Сондықтан қазақ тілінің болашағына сеніммен қарауымыз керек. Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым бірінші орында. Әрбір қазақстандық қазақ тілін білуге міндетті.

Қазіргі таңда орталық атқарушы органдар тарапынан «2023 жылы Достастықта орыс тілі жылы атап өтіледі» деген мәлімдемеге байланысты ресми ақпарат түскен жоқ. Осы ретте арнайы іс-шаралар өткізу де әзірге жоспарда жоқ.

СҮЙІНШІ!

ЖАҢА БАСЫЛЫМ
жарыққа шықты

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АҚПАРАТ АЙДЫНЫ ЖАҢА ЖЫЛДА ЖАҢА БАСЫЛЫММЕН ТОЛЫҒЫП, ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ АЛАҢЫНДА «ВЕСТНИК ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ. ЖАС БАСЫЛЫМНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛУЫНДА «ОГНИ АЛАТАУ» ГАЗЕТІНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ ХАСАН ЕСПАНОВ ПЕН БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЗАБИРА САЙДИЛЬДИНА БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ГАЗЕТТІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖАЙЛЫ ТОЛЫҚҚАНДЫ АҚПАРАТ БЕРДІ.

Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің Қонаев қаласына ауысуына байланысты «Вестник Жетісу» газеті «Өлке Тынысы» ЖШС-нің жанынан құрылған. Бүгінгі күні бастамасы айқын, мақсаты анық басылымның алғашқы саны оқырманға жол тартып, талғамы биік көрерменнің ыстық ықыласына да бөленіп үлгерді. Аптасына үш мәрте жарық көретін газет ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ақпарат комитетіне тіркелген.

– *Жаңа жыл басында өз қызметін жаңа парақтан бастаған жас басылым Жетісу облысының барлық саласындағы өзекті мәселелерімен қатар өңірдегі қаламы қарымды қаламгерлердің сарапталған, құнды мақалаларын да жариялайтын болады. Сонымен қатар жақында газеттің арнайы веб-сайты әзірленіп, әлеуметтік желілерде арнайы парақшалар өз жұмысын жүргізеді деп жоспарлап отырмыз. Осының арқасында оқырмандарымызды ғаламтор арқылы күнделікті ақпараттандырып отыратын боламыз,* – деген Хасан Еспанов жаңа жобаны іске асыру үшін қолдау көрсеткен Алматы облысының әкімдігіне алғысын білдірді.

Жетісу жерінде жарық көрген жаңа басылымның оқырманы көп болғай.

А. СМАҒҰЛ.

ҚЫСҚА–НҰСҚА

Шетелдік көлікті сақтандыруға тыйым салынады

Енді ел тұрғындары басқа мемлекетте тіркелген автомобильді сақтандыру арқылы жүргізе алмайды. Бірақ 12 қаңтарға дейін рәсімделген полистер мерзімі аяқталғанша жарамды болады.

Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды, ол биыл 12 қаңтарда күшіне енеді. Онда басқа нормалармен қатар көлік иелерін міндетті сақтандыру және «Жол жүрісі туралы» заңдарға енген өзгерістер бар.

Тұрғындар газ бағасына наразылық білдірді

Шамалған ауылдық округі әкімдігінің ғимараты алдына газ тарифіне наразылық білдірген тұрғындар жиналды. Ауыл әкімдігі жағдайға қатысты ресми түсініктеме берді.

Иттерге чип салу шарасы басталды

Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің тілшісі мәлімдеуінше, Еңбекшіқазақ аудандық ветеринариялық стансысында иттерге чип салу шарасы қолға алынды.

Бұл әдістің тиімділігі, енді иттер жіті бақылауда болады. Барлық мәлімет «TANBA» ақпараттық базасында жинақталады. Жануарлар дер кезінде емдеуден өтті ме, қайда жүріп, қайда тұрады, иесі кім, басқа да жайлар электрондық төлқұжатта алақандағыдай анық көрсетіледі.

Тұмау мен коронавиурс өршіп тұр

Алматы облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен «Тұмау және ЖРВИ-дің эпидемиологиялық жағдайы» тақырыбындағы баспасөз мәслихаты өтті. Онда облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәулет Қапсаламова ЖРВИ-мен сырқаттанудың өсуі желтоқсан айында басталып, ең жоғары көрсеткіш қаңтар айында байқалатынын, бүкіл әлемде A(H1N1), A(H3N2) және В тұмауы вирустары белсенділігі артып тұрғанын айтты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КӘСІПКЕРЛІК

ПЛАСТИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨҢДЕУДІ ҚОЛҒА АЛДЫ

Кез келген заттарды қайта өңдеу кәсібі әрқашан өзекті. Пластикалық қалдықтарды кәдеге жарату – бұл пайдалы бизнес қана емес, сонымен қатар, экологиялық жағдайды жақсарту.

Кербұлақ өңірінің кәсіпкері Бекжан Оразбек жеке кәсібін ашу үшін мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес алуға Жетісу өңірінің Кәсіпкерлер палатасына жүгінді. Аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы грант алған кәсіпкер шағын пресс сатып алды.

«Кәсіпкерлер палатасына хабарласып, қажетті кеңес алдым. Қазір ПЭТ бөтелкелерді қабылдап және оларды өңдеумен айналысамын. Инвестиция салу арқылы кәсіптің тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, болашақ ұрпақтарымыздың бақытты өмір сүруіне игі ықпал ететінін түсінесің», – дейді кәсіпкер.

Жетісу облысы Кәсіпкерлер палатасының төрағасы міндетін атқарушы Дәурен Оңалбаев шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау жұмыстарының басым бағыттарының бірі екендігін, кәсіпкерлерге қажетті қызметтердің барлығы тегін көрсетілетінін айтады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БІЛІМ

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін калыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ақпараттық мәдениетін қалыптастыру

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне Республика мектептерін көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталынып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Ал, теориялық білімді практикамен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз.

Компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады. Мектепті ақпараттандыруға мемлекет тарапынан осындай үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың кабілетінің жететініне сенім мол.

Айнұр ҚИЯХМЕТОВА,
«Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ информатика пәнінің мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

НА СКОЛЬКО ВЫРОСЛИ ЗАРПЛАТЫ УЧИТЕЛЕЙ

КАК ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ, С НОВОГО ГОДА В КАЗАХСТАНЕ БЫЛИ УВЕЛИЧЕНЫ ОКЛАДЫ У ВОСПИТАТЕЛЕЙ ДЕТСКИХ САДОВ, ПЕДАГОГОВ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ, УЧИТЕЛЕЙ ШКОЛ И КОЛЛЕДЖЕЙ. НА СКОЛЬКО ВЫРОСЛИ ИХ ЗАРАБОТНЫЕ ПЛАТЫ, РАССКАЗАЛИ В МИНИСТЕРСТВЕ ПРОСВЕЩЕНИЯ РК.



С 2020 года в Казахстане постепенно повышают зарплаты учителей. Все дело в том, что размеры их окладов заметно отставали от средних показателей по республике.

С 1 января 2023 года по поручению президента РК их заработные платы в очередной раз были увеличены на 25%. Повышение коснулось учителей средних школ, колледжей, а также воспитателей детских садов, методистов и преподавателей дополнительного образования.

Таким образом, зарплата педагогов в настоящее время увеличена в два раза.

Стоит отметить, что у учителей также есть возможность увеличить заработок. Дело в том, что им полагается доплата за дополнительную нагрузку: ведение предметов на английском языке, проверку тетрадей, классное руководство, за работу в условиях обновленного содержания и наставничество.

Помимо этого педагоги могут рассчитывать на прибавку за квалификационную категорию и степень магистра, а учителям физкультуры полагается доплата за проведение дополнительных спортивных секций во внеурочное время.

В ведомстве также напомнили, что с сентября этого года в стране установлена доплата в размере 150% от должностного оклада педагогам, которые были привлечены в регионы с нехваткой кадров.

«Повышение заработной платы педагогов дает свои результаты. В профессию стали приходить лучшие выпускники вузов и обладатели знака “Алтын белгі”. Это в дальнейшем лучшим образом отразится на обучении детей», — отметил министр просвещения РК Гани Бейсембаев.

ЖИЛЬЕ

ВПЕРВЫЕ С МАРТА 2018 ГОДА НА РЫНКЕ ВТОРИЧНОГО ЖИЛЬЯ НАБЛЮДАЕТСЯ ПОНИЖЕНИЕ ЦЕН, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

ПОНИЖЕНИЕ ЦЕН НАБЛЮДАЕТСЯ НА РЫНКЕ ВТОРИЧНОГО ЖИЛЬЯ

В месячном (декабрь 2022 года к ноябрю 2022 года) выражении перепродажа квартир снизилась на 1,5%. В частности, снижение цен было зарегистрировано в городах Астана (на 5,1%), Шымкент (на 2,7%) и Актау (на 1,6%).

Также арендная плата за благоустроенное жильё в декабре по сравнению с предыдущим месяцем подешевела на 1,6%. Цены на продажу нового жилья, напротив, подорожали на 0,4%.

За год (декабрь 2022 года к декабрю 2021 года) цены на квартиры вторичного рынка повысились на 21,6%, нового жилья — на 15,6%. Арендная плата за благоустроенное жилье в декабре 2022 года по сравнению с аналогичным месяцем предыдущего года повысилась на 45%.

К слову, в региональном разрезе цены на первичном рынке жилья в годовом выражении значительно подорожали в городе Актобе на 29,3%, городе Актау — на 26,6%, городе Семей — на 22,3%. На вторичном рынке жилья лидеры роста цен: город Семей (49,6%), город Актобе (42,4%), город Кызылорда (39,8%), город Актау (39,3%), город Талдыкорган (32,9%), город Костанай (32,4%), а на рынке аренды жилья — город Алматы (70,5%), город Костанай (54,6%), город Караганда (53,1%).

Отметим, Бюро национальной статистики АПСР РК ежемесячно мониторит цены на рынке жилья. Индексы цен формируются на основе данных выборочного наблюдения по областным центрам и городам Астана, Алматы, Шымкент. Информацию по продажам нового жилья собирается у строительных организаций, совершающих операции по продажам, при этом учитываются цены нового жилья с черновой и чистовой отделками. По перепродаже квартир и аренде благоустроенного жилья учитываются данные из объявлений, размещаемых на интернет-ресурсах, в средствах массовой информации. При подсчете цен рассматриваются предложения по одной,-двух-, трех комнатным квартирам.

ПОСОБИЙ

Смотрите инфографику Sputnik с новыми размерами пособий в новом году. С первого января 2023 года в Казахстане изменились размеры пенсий, пособий по инвалидности, адресной социальной помощи, выплаты на случай потери работы и пособия по потере кормильца.

РАЗМЕРЫ ПОСОБИЙ В 2023 ГОДУ

С 1 января 2023 года размеры *государственных соцпособий по инвалидности повышены на 8,5%* в связи с изменением величины прожиточного минимума.

Размер пособия по инвалидности от общего заболевания первой группы в 2023 году составит 77 889 тенге, второй группы — 62 068 тенге, третьей группы — 42 190 тенге.

Выплаты по рождению ребенка

Пособие на рождение выплачивается как работающим, так и неработающим женщинам.

Размер пособия составляет на рождение первого, второго и третьего ребенка составляет 38 МРП с 1 января 2023 года — 131 100 тенге. На четвертого и более ребенка — 63 МРП, или 217 350 тенге.

Пособие по уходу за ребенком

Размеры пособий для неработающих родителей составляют на первого ребенка — 5,76 МРП, или 19 872 тенге; на второго ребенка — 6,81 МРП, или 23 495 тенге; на третьего ребенка — 7,85 МРП, или 27 083 тенге; на четвертого и более ребенка — 8,9 МРП, или 30 705 тенге.

Также продлен период выплаты пособия по уходу за ребенком и социальной выплаты по уходу за ребенком из ГФСС с одного года до 1,5 года.

СИТУАЦИЯ

ПРИЧИНЫ УХОДА MCDONALD`S С КАЗАХСТАНСКОГО РЫНКА

МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ПРОКОММЕНТИРОВАЛО ЗАКРЫТИЕ СЕТИ РЕСТОРАНОВ MCDONALD`S В КАЗАХСТАНЕ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ».

Сеть ресторанов McDonald`s обеспечивалась мясной продукцией и полуфабрикатами российского производства, где у компании были расположены крупные распределительные центры. Но в связи с уходом McDonald`s из России возникла проблема с поставками сырья.

Представители McDonald`s были готовы перейти в перс пективе на казахстанскую продукцию. Однако внедрение отечественными производителями высоких стандартов компании заняло определенное время.

До перехода на местное сырье по просьбе представителей McDonald`s правительство Казахстана было и сейчас готово оказать содействие в ускорении и упрощении процедур поставки продукции из третьих стран, чтобы не допустить закрытия сети ресторанов на территории страны. Заинтересованными госорганами был проведен ряд совещаний по этому вопросу.

В это время казахстанские производители мясной и молочной продукции уже начали работу по приведению производства в соответствие с требованиями McDonald`s, и в начале 2023 года были запланированы работы по аудиту предприятий. Однако в связи с закрытием McDonald`s запланированный аудит не состоялся.

Нужно отметить, чтобы стать поставщиком сырья или полуфабрикатов для компании McDonald`s необходимо пройти сертификацию, предполагающую собой жесткие и дорогостоящие требования ко всей цепочке производства: от кормов животных до упаковки. При этом гарантии, что компания выберет того или иного поставщика — нет.

Также сообщаем, что Казахстан в полной мере обеспечивает внутренний рынок практически по всем видам мяса. По последним данным, в 2022 году произведено 1,06 млн тонн мяса, объемы выросли в среднем на 0,4% по сравнению с прошлым годом. Наибольший рост показало производство конины — на 4,3%, а также мяса птицы на 3,1%.

Привлечение инвестиций в АПК является одной из приоритетных задач страны. На сегодняшний день в сельскохозяйственной отрасли реализуются и находятся на стадии проработки 38 проектов с участием иностранных инвесторов общей стоимостью 3,6 млрд долларов, в том числе в животноводческой сфере: производство и переработка мяса, в растениеводстве: интенсивные сады, модульные тепличные комплексы, производство томатной пасты и т. д..

Кроме того, в Казахстане имеются успешные инвестиционные кейсы, такие как компания «Kazbeef», которая наладила полный производственный цикл от выпуска кормов и выращивания молодняка высокопродуктивного КРС до переработки мяса. ТОО «Beef Export Group» в 2021 году реализовало проект в Костанайской области по строительству мясоперерабатывающего комбината мощностью 1500 голов КРС в сутки с участием российских капиталовложений. В Туркестанской области реализован проект ТОО «Каркын-2030» по производству колбасных изделий мощностью 9,1 тыс. тонн, в Алматинской области ТОО «Прима Кус» запущен комплекс по производству мяса бройлера. На 10 тыс тонн расширена птицефабрика АО «Алель Агро» в Жамбылской области стоимостью 25,6 млрд тенге.

Кроме того, в сфере животноводства прорабатываются такие проекты, как строительство мясоперерабатывающего завода в ВКО совместно с компанией Cedar Meats стоимостью 12 млн долларов, строительство мясоперерабатывающего завода в Жетысуской области с участием немецких капиталовложений компании Bauman, стоимость проекта — 29 млн долларов, в Карагандинской области появится мегаферма по развитию отгонного овцеводства стоимостью 53 млн долларов, в Алматинской области в планах создать инновационный, экспортно-ориентированный животноводческий комплекс и другие.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ІССАПАР

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ
қала тынысымен танысты

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНА РЕСМИ ІССАПАРМЕН КЕЛГЕН ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ СҰЛТАН ДҮЙСЕМБІНОВ ПЕН ҒАЛИАСҚАР САРЫБАЕВ ҚАРАТАЛ, КӨКСУ ӨЗЕНДЕРІНІҢ АҢҒАРЫНДА ЖАТҚАН ШАҺАРДЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ.

Халық қалаулылары алдымен табиғи газға қосылған №4 кварталдық қазандық пен Ә. Әлімжанов көшесіндегі көмір жағатын қазандықтың жұмысын көруге барды. Жылу беретін орталықтардың жұмысын «Талдықорғанжылусервис» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Манархан Ахымбеков таныстырды. Басшының сөзінше, шаһар халқын жылумен қамтамасыз етуді 10 қазандық атқарады. Олардың бесеуі табиғи газға қосылып, облыс орталығының экологиясын жақсартуға елеулі үлес қосып отыр. Қалған қазандықтарды кезең-кезеңімен көгілдір отынға қосу жұмыстары қолға алынуда. Атап айтқанда, екі қазандықтың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалуда. Осыған сай қаладағы 8 қазандық табиғи газға ауыстырылады. Жалпы ұзындығы 180 шақырымға тең жылу жүйесі Талдықорған қаласындағы 700-ден астам көпқабатты нысан мен 1200 жекеменшік үйге жылу жеткізеді.

Мұнан кейін депутаттар Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжіне барды. Сенаторларды қарсы алған оқу орнының директоры Әсет Жұмаділов колледждің жұмысымен таныстырды. Оның айтуынша, 400 балаға кәсіптік білім берумен айналысатын оқу орынның жанында жиһаз цехы мен заманауи баспахана жұмыс істейді. Жыл сайын оқу бітірген 150 бала әр саланың жұмысын жандандырып, бір-бір мамандықты меңгеріп шығады. Дегенмен, қазіргі жастардың көпшілігі ауыр еңбектен қашып, блогер, тиктокер болғысы келеді. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осындай келеңсіздікті болдырмас үшін ұстаздар қауымы өскелең ұрпаққа дұрыс тәрбие беруі керегін айтқан Сенат депутаттары гуманитарлық-техникалық колледж ұжымымен кездесіп, жұртшылықтың пікірін тыңдады.

Қаланың тынысымен танысуда халық қалаулылары облыс орталығының оңтүстік-батысындағы 8-9-шағын аудандарында салынып жатқан көпқабатты үйлердің инженерлік желілік құрылысын да көріп қайтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

АМЕРИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕН ШАҚЫРТУ АЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ 12-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АДЭЛЯ БАЛҚАШЕВА БОСТОНДАҒЫ АМЕРИКА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ HULT ХАЛЫҚ- АРАЛЫҚ БИЗНЕС МЕКТЕБІНЕН ШАҚЫРТУ АЛДЫ. ОҒАН 10 000 ДОЛЛАРЛЫҚ ГРАНТ БЕРІЛДІ.

– АҚШ-тың ірі қалаларының бірінде оқу мен үшін үлкен мүмкіндік. HULT-қа шақырту келген кезде қатты таңқалдым. Дегенмен, бұл жақсы жаңалық және де бұл бизнес пен технологиядан бастап, өнер мен музыкаға дейінгі соңғы идеялар мен ең заманауи трендтерді зерттеу мүмкіндігі болып табылады, – дейді Адэля.

Адэля мектептегі «Википедия» клубының белсендісі. Ол интернет-энциклопедияға қазақ тілінде 400-ден астам мақала жазған. Сондай-ақ Жетісу өңіріндегі ауыл балаларына, «Айналайын» балалар үйінде ағылшын тілінен сабақ береді.

– Мақсатым – қаржы саласында білім алу. Назарбаев зияткерлік мектебінен алған білімімнің арқасында мен әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттермен бәсекеге түсе аламын. Маған барлық есік ашық. Өйткені әрбір оқушы, NIS түлегі – өз өмірінің, елінің көшбасшысы, – деген дарынды оқушы болашаққа деген жоспарымен бөлісті.

HULT халықаралық бизнес мектебі – Бостонда, Сан-Францискода, Лондонда, Дубайда және Шанхайда кампустары бар бизнес мектебі. Білім ордасы Англия жоғары оқу орындары, MBA қауымдастығымен аккредиттелген. HULT дипломдарын, сондай-ақ, жоғары білім берудегі шетелдік дипломдарды аккредиттеу бойынша британдық кеңес мойындады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БІЛІМ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазақ тілі – ұлтымыздың болашағы. Ана тіліміздің мерейі үстем, келешегі кемел болуы үшін жас та, жасамыс та жан аямай тер төгіп, қызмет етуі тиіс. Қазақтың қасиетті даласы қандай кең, байтақ болса оның тілі де сондай шұрайлы, қасиетті әрі қастерлі екенін бүгінгі ұрпаққа айтудан шаршамауымыз керек.

Ғасырлар бойы ата-бабамыз азаттықты, егемендікті, тәуелсіздікті аңсады. Бостандықтың ақ таңы атып Тәуелсіз мемлекет атандық. Ұлттық құндылықты ұлықтап, алпауыт мемлекеттермен тереземіз теңеліп, керегеміз кеңи түскені бәріміздің үлкен жеңісіміз бен жетістігіміз екені анық. Осы жетістіктің бәріне біз бірлік пен берекенің, әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан да «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасын ұмытпағанымыз жөн.

Қазақ тілі – өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, парызы. Асқар таудай әкенің қанымен, аяулы ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілді шұбарламай, қорламай сөйлеуге міндеттіміз. Қазақ тілі жойылса қазақ деген текті халық та жойылады. Ал халық жойылды дегеніміз, ол үлкен қасірет. Сол үшін ұлтпен мәңгі жасайтын қазақ тілінің болашағына сіз де, біз де немқұрайдылық танытпауымыз керек. Өмірге шыр етіп келген сәбидің ең бірінші анасы қазақша сөйлеуі тиіс. Ана тілінің мерейін асыратын аяулы анаға артылатын жауапкершілік жүгі ауыр. Ана құшағындағы баласын ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып тәрбиелейтін болса ол міндетті түрде қазаққа қызмет ететін, қазақтың жоғын түгендеп, барының қадірін асыратын ұрпақ болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қазіргі таңда бізге дәл осындай ұрпақ ауадай қажет.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деп айтқан ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сөзі бүгін бәріміздің ұранымызға айналуы керек. Расымен де тілінен айырылған мемлекеттің жағдайы да жақсы болмасы анық. Сондықтан да тіл тағдыры бәрімізді алаңдатуы тиіс. Тіл тағдырына немқұрайдылық танытпауымыз қажет. Текті ұрпақтың бойына ұлттық патриотизмді қалыптастырып, ұлтқа қызмет етуге, елінің қамын ойлауға тәрбиелеу ұстазға артылған міндет. Біз осы жолда еңбек етіп келеміз. Алайда тілдің тағдыры тек ұстазбен шектелмеуі керек. Ана тіліміздің мәртебесі биік болуы үшін қоғам болып атсалысайық.

Сәулет ӘБІШЕВА,
«Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №2 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

КӨПШІЛІКТІҢ КӨМЕГІМЕН ЖҮРГІЗСЕ

Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізіліп, мемлекет тарапынан пәрменді шаралар қабылданып жатқанынын күнделікті естіп біліп, көріп жүрміз.

Атап айтсақ, газет журналдардан және телеарналардан лауазымды қызметтер атқарып жүрген жауапты қызметкерлердің пара алды деп күдікті ретінде ұсталып жатқан жайларының да куәсі болып жатамыз. Сондықтан қазіргі заң талабы бойынша осы әлеуметтік кеселмен жаппай күрес жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар азаматтар заң талабы бойынша жазаға тартылуда.

Республикамызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ұзақ мерзімді стратегиясы қабылданып, жүзеге асырылып жатқаны баршаға аян. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стретегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар, оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді. Демек, адамдарды жемқорлықты әлеуметтік кесел ретінде тани білуге, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуді міндеттейді. Яғни, әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жолындағы ортақ іске өз үлестерін қоса алады. Мәселен, сыбайлас жемқорлық ауыр еңбектерге орын алған жағдайларға төзбеушілік ұстанымын танытып, тойтарыс беріп отырса онда әлеуметтік кеселдің жолын кесуге септігін тигізеді.

Қарапайым мысал келтірсек, кейде адам өзінің әрекетімен жемқорлыққа өзі ұйтқы болатынын да байқамай қалады. Мәселен, өзінің қызметін атқарып жүрген лауазымды адамның көрсеткен мінсіз қызметіне ризашылығын білдіріп, оған алғыс ретінде «сыйлық» бергісі келеді. Мұның өзі заң талабына қайшы екенін түсінбейді. Сөйтіп, келеңсіз жағдайдың орын алуына өзі бастамашы болып жатады. Сондықтан орайы келгенде, заң талабы бойынша пара алушы да, пара беруші де жауапқа тартылатынын әркім жадында сақтағаны абзал. Сайып келгенде, бұл әлеуметтік дертпен күресті көпшіліктің көмегімен жүргізсе істің нәтижелі болары даусыз.

Лаура КУШКЕНОВА,
Жетісу облысының МАЭС-ның кеңсе меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰСБЕГІ

ЕРКІН ҚҰСТЫ еркіне көндірген

ҚҰСБЕГІЛІК – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ СҮЙІКТІ ДЕ ТӨЛ ӨНЕРІ. ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ДӘСТҮРІН, МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУДА БҰЛ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР ЕКЕНІН АЙТАДЫ ТАНЫМАЛ ҚҰСБЕГІ, ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ЖАНАШЫРЫ БҮРКІТБАЙ ФАЙЗОЛЛАҰЛЫ.

Жетісу облысы, Текелі қаласының маңында тұратын Бүркітбай ағаның отбасы – саятшылықты кәсіп етіп, аңшылықпен айналысып, қазақтың салт-дәстүрін дәріптеп, өнеге көрсетіп жүрген жандар.

– *Құсбегілік ата-бабамыздан келе жатқан өнер. Менің атам мен үлкен атамды репрессия кезінде ату жазасына кескен. Сонда осындай өнерді, қазақы салт-дәстүрді халық ішінде насихаттағандар деген айып таққан көрінеді. Оларды алып кеткенде есік алдында екі бүркіті байлауда қалған. Мұнан аңғарсақ, ол кісілердің құсбегілік қасиеттері қанмен бізге жетсе керек. Міне бүгінде оны бір-бірімізге мұра етіп сақтап келе жатқан атаның ұрпағымыз. Мен туғанда әкемнің үш-төрт бүркіті болыпты. Атымды Бүркітбай деп қоюының да төркіні осында жатыр. Көзімді ашқалы қыран құсты серік етіп келемін. Бүркіт баптау өнеріне бүгінде отбасымызбен берілгенбіз,* – дейді бүркітші.

Еркін құсты еркіне көндірген құсбегі 13-14 жасынан бастап әкесінен бүркітшілікпен айналысуды үйренген. Өсе келе осы өнердің қыр-сырын терең меңгерді. Білім алып жүрген шағында да академиядан жазғы демалысқа шыға салып, бірден бір айналысатын сүйікті ісі – саятшылық болды. Солайша қолында бүркіт, астында жылқы, жанына ерткені тазы болды. Бұл оған ермек болып, өзі де бір сергіп қалатын.

Облыс бөлініп Жетісу жері өз еншісін алған соң ұлттық спорттың деңгейін көтеру мақсатында аймақта «Жетісу саятшылары» атты федерация ашылды. Бүркітбай Файзоллаұлы сол федерацияның президенті болып сайланды. Өңір басшысы да жаңа бастаманы қолдап, тапсырмалар жүктепті. Бүгінде Бүркітбай Файзоллаұлы жоспар құрып, осы өнерді қайтсек те дамытамыз деп шапқылап жүр. Ұлы Жасұлан Талдықорғандағы Ұлттық спорттан балаларды дайындайтын жасөспірімдер мектебінде құсбегіліктен жаттықтырушы болып қызмет етеді. Онда әртүрлі мектептерден балалар таңдалып, құсбегілік өнерге үйреніп жүр.

– *Олардың барлығы құсбегі болып кетеді деп айта алмаймын. Дегенмен қазақтың осы өнерінің қасиеті, адамның тыныс-тіршілігіне тигізетін пайдасы туралы мәлімет алып, соны түсінсе, осы бекзат өнерді бағалай алса, соның өзі құсбегілікке бір қадам жақындағынының белгісі деп білемін,* – дейді құсбегі ағынан жарылып.

Кейіпкердің айтуынша, құсбегілік – күрделі өнердің бір түрі. Бұл – бүркітті қолға ұстап алып, аң алдыру емес. Бірінші, құсты дағдыландырып үйрету керек, екінші, оны атпен алып жүруге жылқыңды үйретесің. Үшінші, аңды қалай алып шығу керектігін қағушыға түсіндіру қажет (*аң үркітетін адамды қағушы деп атайды*). Ол да ізшіл болу керек, аң қай жерде жатады, қай тұстан барсам қалай қашады деген секілді барлық әдістәсілді игеру керек.

Бүркітті, әдетте, екі тәсіл арқылы алады. Бірін – ұяда жатқан кезінен әкеледі, оны қолбала деп атайды. Қолда үйренген құс – берген жеміңді жеп, көзіне не көрінсе соны ұстаймын деп ұғады. Солайша өскен соң білместікпен үйдегі мал-жанға түсіп жатуы да әбден мүмкін. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген қазақтың киелі сөзі осыдан қалса керек. Сол үшін де балапанның тәрбиесі қиындау келеді. Оны үйрету кәсіби білгірлікті талап етеді.

Екінші тәсіл – түз бүркітін ұстау. Ұядан ұшып шыққаннан кейін балапан, тірнек, тастүлек деп аталатын жас бүркіттерді тормен, не қақпанмен, не болмаса тояттатып ұстайды. Оның да өзіндік әдісі бар. Түз құсы – аңнан басқасына түсе бермейді.

Тәжірибесі мол бүркітшілер кез келген құсты алмайды. Бүркіттің екі түрі болады. Ұрғашысы – ұябасар, еркегі – сарша. Соның ішінде саршасы әлсіз келгендіктен, оны көбіне қолға ұстап, аңға салмайды. Сондай-ақ ішінде кездесетін аңға қауқары жоқ, қыран еместерін мүлдем ұстап әуре болмайды. Бірден түріне, келбетіне, бас пішініне қарап, жақсысы таңдалады.

Бүркіт ұясын көбіне қуыстау үңгірлерге салады. Оған үстінен келсе де, астынан көтерілсе де тура, деп түсу мүмкін емес. Жоғарғы жағынан түскенмен ұяға жете алмай, арқанда салбырап тұрады. Осындай жағдайда ол айналып кетпеу үшін ұяға түсетін адамның арқасына қазақ үйдің керегесін байлап қойған. Сонда кереге тасқа қағылып, бір орында тұрады. Сондай-ақ бүркіт адамға шабуыл жасаған жағдайда қорғап қалады. Бүркітті алудың өзі ержүрек, батыл, мықты азаматтарды қажет етеді.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген Абай атамыздың өлеңінен-ақ ата-бабаларымыздың құсбегілікпен айналысып, қыран құстың сырына қанық болғанын аңғаруға болады. Ерте заманда жақсы бапталған қыранды бірнеше түйеге айырбастаған және халықтың басына күн туған қысылтаяң шақ-та, жұт кезінде қыран құс пен тазы тұтас бір ауылды асыраған деген аңыз бар. Мәселен, ит-құс көбейіп, малдың тоз-тозын шығара бастаған уақытта аңшылар бірігіп бүркітпен шығып, бөрілер мен түлкілерді алған. Солайша малжанын сырттан келген қатерден сақтап отырған. Сонымен қатар кезіндегі хан-билер бүркітті сән салтанат үшін де ұстаған. Сол себепті, бұл өнердің тарихы да қасиеті де бір төбе. Қазақпен бірге жасасып келе жатқан өнердің де киесі, өзіндік ырымы бар екен.

– *Құсты аңға алып шығар алдында қолға қондырып, отқа тұз сеуіп немесе аршамен аластап алып шығады. Бұл бүркітімізге тілмұрты шығарады. Көбіне ұлым жемдерін бергендіктен, ол кіріп келсе, екеуі де жан таппай, шулап қоя береді. Сонда көзінде томағасы тұрса да, адамды көрмесе де дыбысынан таниды. Жанына келмей жатып, иісінен сезеді,* – дейді құсбегі.

Қазақ халқының тектілігін танытатын бұл өнер аса білгірлік пен мықтылықты талап етеді. Жыртқыш құспен тіл табысып, оны айтқаныңа көндіру үшін де төзімділік пен қайсарлық қажет. Жаратылысынан жабайы, жыртқыш болып жаралған қыран құсты шошытып, үркітіп алмай байланысу да аса маңызға ие.

Бүркітшінің айтуынша, құста да мінез болады. Қыран құстар кең мінезді келсе, ішінара қиқарлары да кездесіп жатады. Сонан кейін бүркіттің ерекшелігі – танымпаздығы мен кекшілдігі. Егер кектендіретін болса, қайткен күнде де өшін алмай қоймайды дейді.

– *Қырағылығының өзі бір бөлек. Ең биік ұшатын да осы бүркіт. Кейде босат деп еркіндік сұрап, аспанға көзге көрінбестей болып жоқ болып кетеді. Шақырғанда түймедей болып қарайып тұрады да, көзді ашып-жұмғанша қолға кеп қонады. Сондай жылдамдықпен ұшып келе жатқанда қолыңды жұлып әкетеді ме деп ойлайсың, алайда, қалай қонғанын сезбей қаласың. Қыранның қасиеттілігі соншалық, сипап отырғанның өзінде адамға жақсы әсер береді.*

Тағы бір ерекшелігі құс бөтен адамды бірден жатырқайды. Бұрыннан ата-бабаларымыз түз бүркіттерін алғаш ұстағанда ең алдымен өзінің иісін сіңдірген екен. Ол қалай десең, мәселен, тері сіңген киімді алып, оны таза суға шайып алады, артынан сол суға өзінің бүркітін жуындырады. Көрдің бе, осылайша әлгі бүркітке қожайынының иісі сіңеді. Онан кейін бөтенсінбейтін болады. Бізде дәл сол ата-баба ізімен құстарды солай үйреттік. Бүркіт туралы қызық әңгімелерді айтар болсаң, таңды-таңға жалғап талай әңгіме айтуға болады, – дейді Б.Файзоллаұлы.

Иә, құсбегілік екінің біріне ермек өнер емес. Қасиеті ерен, киесі бөлек. Ақылыңа айлаң сай болмаса, құс салып ит жүгіртемін деу бос далбаса. Құс тілін таппасаң, баулып бағын ашпасаң, тегеурінін қайырып, тұяғын мұқалтып, шақар шаңқылын қарғаның қаңқылына апаруың мүмкін.

Бүркітшілер саятшылыққа күздің соңынан бастап, көктемнің басына дейінгі мезгілдерде шығады. Бұл аңның қысыр жүретін уақытына тұспа-тұс келеді екен. Сонымен қатар жылқыны жарататын секілді, құс та жемін тартып, жаратуды қажет етеді. Мәселен етті жұқалап турап, суға салып нілін кетіріп, ағартып береді. Бұл ақ жем деп аталады. Сондай-ақ құстың ішін тазалайтын өзіндік әдісі бар. Оны қоя салу деп айтады. Киізді жұмырлап тігіп, жеммен бірге жұтқызып жібереді. Ол сіңбей ішектің ішін аралап қайтадан қайтып келеді де құсылып қалады. Сол сияқты сүйек қоя, қызылша қоя, мейіз қоя деген болады. Құс өзінің бабына келгенде сандары босап, салқындап, төсіндегі, құйрығындағы майларынан арылып, әдемі қалыпқа келіп, өң кіре бастайды. Сол кезде бабына келді деп аңға салады екен.

Бүркіттің де әбзелдері болады. Оған томаға, аяқбау, биалай, істік, кездік, тұмылдырық жатады. Аяқбауды қысқа қылып, екі аяғына екі бөлек тағып қояды. Кейбірі оны балақбау деп те атайды. Екі аяғындағы жіпті біріктіріп қазыққа байлайтын ұзын шылбыр қайыс болады, оны іргебау дейді. Құс үйреткенде онанда ұзын бірнеше метр жіп пайдаланылады, оны шыжым деп атайды.

Құсбегілікті жанынан серік еткен бүркітші бұдан бөлек бірқатар жарыста бой көрсетіп, бабы келіскен қыран құстарын өңірлік, республикалық саятшылық жарыстарына қосып, маңдайы жарқырап жүлде алды. Атап өтсек, 2011 жылы бір бүркіті 1-ші орын алған. Сол қыран онан кейін ылғи жүлделі орындардан түспей жүрген. Былтыр Көкшетауда өткен Халықаралық жарыста, Алматыда өткен Республикалық жарыста 3-ші орынды қанжығалады.

Бүркітбай Файзоллаұлы бала кезден баба мұрасын қасиет тұтып, ата кәсіптің қыр-сырын жан-жақты меңгеріп, ұлттық құндылықтарды әрдайым ұлықтап жүрген жан. Ол тазы ертіп, қыран ұшырған өнерімен қоса, жылқы өсіріп, бие байлап, малдан алған өнімін ел игілігіне қолданып отыр. Ұлттық салт-дәстүрді өскелең ұрпаққа үйретіп жүрген ұстаздығы өз алдына бір төбе. Бала-шағасымен бірге қазақтың өнерін қадірлеп, айналасына үлгі көрсетіп жүрген құсбегі, атбегі Бүркітбай Файзоллаұлының есімі тек Жетісу өңіріне ғана емес, ата дәстүрі мен кәсібін құрмет тұтатын барша қазақ жұртына мәлім.

Арайлым НҰРЖАПАР

Дүйсенбі - Понедельник, 16 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Апта»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Хранитель»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»
23.00Сериал«Простить нельзя рассаться»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00,01.00 «100 % махаббат»
12.50 «каникулы офлайн-2»
14.40 «ОКНО ЖИЗНИ»
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.10, 23.50 «Забудь и Вспомни»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
12.20 «Заколдованный участок»
13.15 «Так не бывает»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

08.00 «Тоғжан»
08.10 «Ф.И.Л.И.Н»
09.00 «Другой»
12.40 «Дос-Мұқасан»
15.00, 01.20 «Тайна лилит»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе навсегда»
23.40 «На глубине»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Д/ф «Кең ауқымда»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Жаңа Қазақстан»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 Мультсериал «Маша и медведь»
11.35 «Звездный путь»
14.05 Кино «Обитель зла-4. Жизнь после смерти»
16.00 Кино «Ограбление по-итальянски»
18.10 «Дети шпионов»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.55 «Остров фантазий»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Әкесінің баласы»
07.10, 01.30 Т/х «12 күн»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 «Доктор Надежда»
10.40 «Смеяться разрешается»
12.30, 21.30 «Ауыл мұғалімі»
14.15, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Отражение радуги»
00.00 «Полицейский с рублевки»
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 17 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Тіршілік»
15.35 «Барыстың ізі»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 23.00Сериал«Простить нельзя рассаться»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00,01.00 «100 % махаббат»
12.50 «каникулы офлайн-2»
14.40 «ОКНО ЖИЗНИ»
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.10, 23.50 «Забудь и Вспомни»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
12.20 «Заколдованный участок»
13.15 «Так не бывает»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.30 «Әулеттер тартысы»
08.50 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
12.40 «Дос-Мұқасан»
15.00, 01.20 «Тайна лилит»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе навсегда»
23.40 «На глубине»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Дәрігер кеңесі»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 «Өзекті»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.55 «Біздің шоу»
12.50 Мультсериал «Маша и медведь»
14.00 Кино «Дети шпионов»
15.50 «Дети шпионов-2»
17.50 «Остров фантазий»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
22.00 «Час расплаты»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Әкесінің баласы»
07.10, 01.30 Т/х «12 күн»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 «Доктор Надежда»
10.40 «Смеяться разрешается»
12.30, 21.30 «Ауыл мұғалімі»
14.15, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Отражение радуги»
00.00 «Полицейский с рублевки»
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 18 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

Прафилактикалық жұмыс 16.55 –ке дейін
17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
18.00 Т/х «Жүректегі күз»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 «Ақжауын»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

Профилактика!!!
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»
23.00 Сериал«Простить нельзя рассаться»

АСТАНА

Профилактические работы!
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.10, 23.50 «Забудь и Вспомни»
20.00 «Astana Times»
21.00 «Ессіз махаббат»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
00.40 «Сиситай»

ЕВРАЗИЯ

Профилактические работы!
17.00 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент-2»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

Профилактические работы!
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе навсегда»
23.40 «На глубине»
01.20 «Тайна лилит»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.55 «Біздің шоу»
12.50 Мультсериал «Маша и медведь»
14.00 Кино «Дети шпионов-2»
16.00 «Дети шпионов-3»
17.40 «Час расплаты»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
22.00 «Особое мнение»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

Профилактические работы!
17.00 «Гадалка»
17.30 «Доктор Надежда»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Отражение радуги»
21.30 «Сержан братан»
22.10 «Шабдалы 18»
21.30 Т/х «Әкесінің баласы»
00.00 «Полицейский с рублевки»
01.00 «Мезгілсіз сезім»
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

ШАРТАРАПҚА ТАРАҒАН «ТОЙ ЖЫРЫНЫҢ » АВТОРЫ

Ұлықпан СЫДЫҚОВ

75 жаста

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі Ұлықпан Сыдықов 75 жаста. Ұлықпан Есілханұлы бүгінде Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ ректорының кеңесшісі, «Ақсақалдар алқасы» құрылымының төрағасы міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Ұлықпан Есілханұлы мектепті алтын медальға бітіріп, Қазақ политехникалық институтына оқуға түседі. Содан бері сол кездегі Қазақ политехникалық институты, бүгінгі Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің қасиетті шаңырағынан шыққан жоқ. Осы білім ордасында жүргеніне биыл 58 жыл. Абитуриент болып келген адам, бүкіл өмірін, ғылымның сатысының бәрін осы білім ордасында өткерді.

* * *

Студенттік өмір жылдарында Ұлықпан Сыдықов қоғамдық ғылымдарға деген қабілетімен көзге түсті. 1970 жылы институтты үздік бітірген соң философия саласы бойынша аспирантураға түсті. Диссертация қорғаған мезгілден бастап, күні бүгінге дейін өзі түлеп ұшқан білім ордасында шығармашылық, ұйымдастырушылық, ұстаздық қызметпен белсенді әрі жемісті түрде шұғылданып келеді. Қатардағы оқытушыдан профессорға дейінгі жолдан өтті.

29 жасында өзі білім алған Автоматика және есептеу техникасы факультетінің деканы болып сайланып, жаңа мамандықтардың Қазақстан топырағына толық ірге тебуіне, кафедралардың материалдық-техникалық базасының нығаюына, бұл салалар бойынша ұлттық кадрлардың дәйекті дайындалуына күш-жігерін жұмсады. 1983 жылы Қазақ политехникалық институтының тәрбие ісі жөніндегі проректоры болып тағайындалды. 1988 жылы республикада тұңғыш рет халықаралық байланыс істері бойынша проректор болып бекітілді. Институт қабырғасына Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінен келген студенттердің тиянақты инженерлік білім алуына, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен терең танысуына, сондай-ақ, халықаралық байланыстың жүйелі арнаға түсуіне үлес қосты. Ол еліміздің өндіріс аймақтарына жиі-жиі сапар шегіп, кәсіпорындарда, институт филиалдарында ғылыми-практикалық конференциялар өткізіп, ұстаздар мен студенттерге ғылыми-әдістемелік көмектер көрсетіп тұрды. Іскерлігі, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, сыпайылығы, әділдігі арқасында көпшілік құрметіне бөленді.

1993-2000 жылдары ең ірі кафедралардың бірі – қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі. 2000 жылы Қ .Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде (ҚазҰТУ) жаңа құрылым – Жаратылыстану-гуманитарлық институтының құрылуына ұйытқы болып, осы институттың директоры және университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры болып тағайындалды. Аталған институтқа ғұлама ғалым, университеттің алғашқы түлектерінің бірі, әйгілі фарабитанушы Ақжан Машановтың есімін беруге мұрындық болды.

Өмір жолында Ұлықпан ағамыз ғылыми ізденістермен де үздіксіз шұғылданып келеді. Оның ғылыми еңбектері қоғамдағы әлеуметтік-рухани және техникалық жүйелердің өзара байланыстарын жан-жақты зерделеп қарастыруға бағыттала отырып, гуманитарлық ғылым саласын инженерлік ойжүйе айшықтарымен шебер ұштастыруымен ерекшеленеді. 450-ден астам ғылыми, ғылыми-публицистикалық және оқу-әдістемелік еңбектердің, оның ішінде 11 монографияның, 20-дан астам оқулық пен оқу құралының авторы. Сондай-ақ ол Қазақстандағы студент жастар социологиясының осы заманғы мектебін қалыптастырды. Оның ғылыми жетекшілігімен 1 ғылым докторы және 5 ғылым кандидаты мен 6 магистры дайындалды.

1984-1986 жылдары белгілі қоғам қайраткері журналист Сағат Әшімбаевпен бірлесіп Қазақ теледидарында «Жүректен қозғайық» деп аталатын хабарлар циклын жүргізді. Бұл хабар қазақ жастарының ұлттық сана сезімінің өсуіне үлкен ықпал жасады. Одан кейін ұзақ жыл бойы профессор, марқұм Ахмет Ержановпен және өз ұстазы академик Досмұхамед Кішібековпен бірлікте «Республика өмірінің өзекті мәселелері» деген тақырыпта телехабарлар циклын жүргізіп келді. Қазір де Қазақ радиосы, Шалқар радиосы және ұлттық «Қазақстан», «Хабар» телеарналарынан берілетін хабарлардың тұрақты қатысушысы және кейіпкері.

Ұ. Сыдықов Қазақстан мәдениеті мен өнеріне де өзіндік үлес қосып келеді. Елімізде «Қазақ эстрадасының аңызы» атағына ие болған санаулы адамның бірі. «Дос-Мұқасан» ансамблінің болмысын бейнелейтін бүкіл ел жастарының сүйіктісіне айналған қазақ эстрадасының алтын қорына енген «Той жыры», «Қуанышым менің», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз», «Ғашықпын» сияқты талай әндердің авторы.

«Ару қыздар» әні 2000 жылы Республикалық «Жаңа ғасырға жаңа ән» байқауының дипломына ие болса, «Алау сезім» атты әні жастар арасында кең тарап, қол телефондарына қонып, жүректеріне ұялап кетті. Бірнеше кинофильмде шырқалды. Ал Досым Сүлеев, Мұрат және Данияр Құсайыновтармен бірлесіп жазған «Сәтбаев университеті» гимні бүгінгі күні барша студенттер мен ұстаздар зор ықыласпен, үлкен мақтаныш сезіммен орындайды десек артық болмас.

Әріптестері мен шәкірттерінің бастамашылығымен оның «Қуанышым менің» деп аталатын жыр жинағы және «Алау сезім», «Той жыры», «Әсем жұлдыз» деген атпен СД альбомы (Ұ.Сыдықовтың өлеңдеріне жазылған әндер жинағы) жарыққа шықты.

Ұ.Сыдықовтың басшылығымен және туған інісі Қайранбақыттың тікелей қаржылық-ұйымдастырушылық еңбегімен Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауылында Қазақ халқының мақтанышы, даңқты қолбасшы Қаракерей Қабанбай батырға орнатылған алып ескерткіш бүгінде ел игілігіне айналып отыр. Қазақтың классик жазушысы, халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділов атындағы қоғамдық қордың төрағасы ретінде Тарбағатай тауының баурында, өзі жерленген өңірде марқұмға ақ тастан үлкен күмбез тұрғызып, дүйім халыққа ас беріп, жазушының туғанына 85 жыл толуын кең көлемде атап өтуге мұрындық болды.

* * *

Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге, ғылымды дамытуға арнаған ағамыз өнерге келуінің өзі бір бақыт екенін айтады.

– *Шығармашылық деген құдіретті, киелі дүние. Көркем шығармашылық пен ғылыми-техникалық шығармашылықтың түп негізі бір. Екеуі де дүниедегі, қоғамдағы кез келген құбылысқа жаңа көзқараспен қарай білу, құдіретін анықтау, ерекшелігін бағалай білу. Өлең де, өнер де, ғылым да осы ұстаныммен жүреді. Сондықтан екеуінің арасында қайшылық жоқ.*

Ал техникалық ЖОО-да жүріп, өнерге келуімнің өзі бір тарих. Оқушы күнімде өлең жаздым. «Лениншіл ж а с » , « Қ а з а қ с т а н пионеріне» дейін өлеңдерім шығып, «ақын бала» атанып жүрдім. Әдебиетке өте құмар болдым, мектепте кітапты көп оқыдым. Оқушылар конференциясына қатысатынмын. Бірде математикадан «Батыс, Сібір және Қазақстан» олимпиадасында жүлдегер болдым. Қазақстанның республикалық математика олимпиадасынан бәйге алдым. Суретім «Білім және еңбек» журналына шығып, маған КазГУ-дың «мехматына» емтихансыз тапсыратын грант бұйырды. Бірақ соған қарамай, «Коммунизм таяуда орнайды екен, дүниенің бәрі техника-автоматикаға байланысты болады екен» деген жастық қарқынмен осы оқу орнына түскенмін. Бүкіл Қазақстан бойынша жалғыз Қазақ политехникалық институтында ғана автоматика және электронды есептеу техникасы дейтін мамандық болды. Электронды есептеу техникасы факультетін таңдадым. Осы күні IT технология деп жүрміз ғой, яғни Қазақстандағы сол маманның біреуі менмін. Өте жақсы оқыдым. Ғылыми баяндамалар жаздым. Мамандығым бойынша университетті үздік дипломмен бітіріп, аспирантураға жолдама алдым. Сөйтіп жүргенімде философиядан студенттік ғылыми конкурсқа қатысып жүріп, бәйге алып, әуелі университетте, сосын республикада, одан кейін Мәскеуде топ жарып, университет даңқын шығаруға үлес қостық. Досмұхамед дейтін академик сыртымнан танып, оқытушымнан сұрап, мені өзіне шақырды. «Қарағым, әдебиетті өте жақсы біледі екенсің, тарихты, дәстүрді, салтты жақсы білесің, тілің өте таза. Сөйте тұра техника саласын игеріп жүрсің. Көптен ойланып, саған ұсыныс жасайын деп шақырып отырмын. Таза философияның оқуын оқып жүргендер арғы жағы Аристотель, Сократтан, бергі жағы Кант пен Гегельден аспай шыр айналып қалады. Қазіргі қоғамдық құбылысты талдауға тістері батпайды. Техникалық пен руханилықты зерттейтін сала бізде жоқ. Философияны таңдасаң, осы саланы игерер едің» деді. Мен бірден келісім берген жоқпын, әрине. Отбасылық жағдай да қиындап тұрған жылдар еді. Шешеміз қайтыс болып кеткен, сегіз баланың болашағы... Ал менің мамандығым Қазақстанда әлі жоқ. Мен оқыған мамандыққа 50 бала түстік, оның 49-ы орыс мектебін бітірген, жалғыз мен ғана қазақ мектебінің түлегімін. Қазақша ешкім сөйлемейді. Бірде-бір қазақша сөз айтылмайды. Осындай атмосферада жүрдім. Сонымен Қазақстанда жаңа саланы игеріп, жаңа мектеп аштым (kazgazeta.kz. сайтында жарияланған сұхбатынан алынды).

Ұлықпан Есілханұлы үшін өткен жыл бір жағынан жемісті болғанымен, бір жағынан оңай да болған жоқ. Өткен жылдың алдында кенже қарындасы қайтыс болса, оның қырқы болмай жатып жалғыз қызы – Айнұрынан көз жазды. Олардың алдында туған інісінен айрылды. Өзге біреу болса, қара нарға жүк болатын осынау ауыр қайғыдан шөгіп, жүнжіп кетер еді... бірақ, ағамыз тағдырға қарсы тұра білді, еңсесі бүгілмей, бәйбішесін жұбатып, туғандарына медет бола білді.

Бүгінде Ұлықпан аға жан жары, шаңырақтың ұйытқысы – Нағима Нұрғалиқызымен бірге немерелеріне бас көз болып отыр. Жазушы Ғалым Қалибекұлы: «*75 жасқа келетін Ұлықпан ағаға нендей баға берерімді білмей дағдарып отырсам, өзі жазған «Бойжеткен» деген әннің өлеңіндегі: «мөлдіреген таңғы шықтай», – деген бір сөз көзіме шоқтай басылғаны. Рас-ау, гүлдің жапырағындағы, шөптің қиғындағы таңғы шық мөп-мөлдір, тап-таза болады. Ағаның жандүниесі сол шықтан аумай қалған*» – деп жазыпты.

Инженерлік білім арқылы өлең мен өнерді шыңға шығара білген ғалым ағамызға жағыңыз түскенше жамандық көрмей, жүз жасаңыз дейміз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

2010 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. 2011 жылы ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының, 2015 жылы ҚР педагогика ғылымдары академиясының және Халықаралық ақпараттану академиясының академигі болып сайланды. Қазақстан Шығармашылық академиясының мүшесі, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттерінің және Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Құрметті про-фессоры, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы мен Мақаншы ауылының Құрметті азаматы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

12 ҚАҢТАР – ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Жерұйығы Жетісу жерінің көркті бір аймағы Алакөл өңірінде туып-өсіп, ер жетіп, ауыл, аудан деңгейінде азды-көпті еңбек ете жүріп, облыстық, республикалық жиындарда сөзін естіп, өзін мәжіліс төрінен көргенім болмаса, Дінмұхамед Ахметұлын жақыннан біліп, онымен ешқашан да дастарқандас болған адам емеспін. Оған әрине, өрем де, жұмыс дәрежем де жеткен емес.

Ұлтының ұлы тұлғасы

Дарқан даламызға дара біткен алып бәйтеректей осы бір дана адамды ес біліп, ат жалын тартқан күннен бастап-ақ, тіпті кейіндері колхоз, совхоз басшыларында, партия, комсомол қызметтерінде жүргенімде де ерекше қадір тұтып, басқалар сияқты оны қазақтан шыққан қасиетті пайғамбар деп табынатынмын. Қазір де Алла біледі-ау, сол пікірдемін.

Алғаш рет 1968 жылдың қыркүйек айында Димаш ағамыздың қабылдау бөлмесінде марқұм Дүйсетай Бекежановпен сөйлесіп тұрғанымда ғана жақыннан жүзін көрген едім. Кабинетіне кіріп бара жатып басын изей өте шыққанда бойыма бір түрлі тоқ жүргендей әсер еткені ғана есімде қалыпты. Марқұм Дүйсетай Орталық Комитеттің сол кездегі ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Г. Мельниктің жұмыста болмауы себепті менің совхоз директорлығына бекітілуім жайлы құжатқа өзі кіріп, Дінмұхамед Ахметұлына қол қойғызып алып шыққанын әлі ұмытқам жоқ.

Орталық комитеттен шыққан соң да ағамыздың аялы қолының табы түскен құжатқа қарай бергенім де есімде. Сондағы қуанышымда шек жоқ еді. Жақсы ырымға балағанмын. Әттең, не керек, әпербақандардың әлегімен соңынан не көрмедік, небір содырлы сойылдардың сойқандарын бастан өткіздік. Ойлай кетсең, өкініштен өкпең қабынғандай болады да тұрады... Амал нешік, заңымыз да, басшыларымыз да солай еді ғой ол заманда...

Содан кейін Д. Қонаевты жақын жерден көріп, есендескенім – 1984 жылы. Үшарал қаласына келіп, ел аралап, (селоны қалаға аудару жайлы мәселе қозғалғанда) соңынан Тентек бойына орналасқан аудандық партия комитетінің саяжайында тыныстап, ас ішкенін де көріп, көпшілікпен бірге қолын алып едім. Бар көргенім де, білгенім де міне, осы ғана. Бал-бұл жанып тұрған жүзі қандай еді сабаздың... Еңселі бойы елден ерекше, Есімхандай бөлек еді-ау, шіркін. Шынында да құдайым ел басқарып, жұрт билеуге жаратқандай көрінген маған. Енді көңілге қаяу түсірер сол бір соңғы тәулік есіме түссеақ болды, дүние дөңгелене айналғандай болады да тұрады.

Сонымен бәрін басынан бастайын... 1993 жылдың қыркүйек айының 20-шы жұлдызында таңертең жұмыс телефоным шыр ете қалды. Телефон тұтқасын көтерсем аудан әкімі Әбдіғали Қойбасұлы Бектеміров екен. Аман-саулықтан кейін өзіне тездетіп келіп кетуімді өтінді. Көп уақыт өткізбей-ақ кабинетіне кірген соң Әбекеңнің айтқаны мынау болды.

– Әлеке, ауданымызға демалып, ел-жер көріп қайту үшін халқымыздың қадірлі ағасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев келмекші екен. Ол кісі кешелібүгінді Сарқан ауданында өтетін ғалым Мұхаметжан Тынышбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылатын мерейтойына қатыспақшы. Сол жиын мерекеден шығысымен-ақ біздің ауданға келмек. Бұл хабарды маған «Қызылащы» ұжым шаруашылығының төрағасы Жеңіс Қабдолдаұлы Жұманов жеткізді. Естуімше, Жұманов Қапал ауданында істегеннен бері үлкен кісімен араласып тұратын көрінеді. Осының алдында ғана Димекең «Қапал-Арасанда» демалып қайтқан сияқты. Сол жерде Жеңіс сәлем бере барғанда, ақсақал Алакөл өңірін, айдынды көлді, берекелі жерді, Төле би бабамыздың кіндік кескен жерін тағы бір аралап көргісі келетінін айтыпты. Ақсақал айтса заң ғой. Заманымыздың заңғар адамын осылай қабылдап алу керек болып тұр. Сізді, міне, осы мәселеге байланысты шақырып, ақылдасайын деп отырмын, – деді.

– Дұрыс екен. Аруақты ағамыздың келгені абырой ғой. Қош келіпсіз дейміз де! – дедім мен.

– Жағдай былай болып тұр Әлеке, – деді Әбдіғали Қойбасұлы.

– Мен кешелі бері еңбек демалысын алып едім. Ертең емделу қажет болып тұр. Осыған байланысты жол жүргелі дайын отыр едім. Өзім болатын емеспін. Облыстан рұқсат алып, бүгін жүріп кетпекпін. Міне, осы кезге Димекеңнің сапары дәл келіп қалғаны. Сондықтан аудан ақсақалы ретінде, оның үстіне қасиетті қара шаңырақ аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы ретінде үлкен қонақты сіз қабылдап алсаңыз деп шешіп отырмыз. Жасыңыз келген, тәжірибеңіз бар адамсыз ғой, қысылмаңыз, – деп ойын айтты.

– Япыр-ау, бұрын-соңды ол кісіні жақын көріп, таныс болған жерім жоқ еді. Қиындау болып қалмаса, ойынан шыға алмай қалып жүрмесем, – деп менде шынымен қысылдым.

– Ештеңе етпейді. Қасыңызда аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Ж. Өмірзақов, «Қызылащы» ұжымдық шаруа төрағасы Ж.Жұманов болады. Осы жұмыс сізге тапсырылады деп тоқтады. Әрине, қашайын деп отырғаным емес. Жүрексініп, әлдеқалай болады деп өзімше қиналсам да іштей қуанақуана, үлкен кісіні дарқан елдің салтымен, қошемет-құрметімен қарсы алуға келістім.

Д. Қонаев ағамыз 20 қыркүйекте Сарқан ауданында өткен мерейтойға қатысып, құрмет-қошеметін көріп, М. Тынышбаев туралы тебіреніп тұрып ұзақ сөйлепті. Оны республикалық теледидардан бүкіл қазақ елі көрді. Сол хабарды үлкен кісі қайтыс болған күні де ұмытпасам, кейін де көрдік.

Алакөл өңіріне Д. Қонаев 1993 жылдың тамыз айының 21 жұлдызында кешкі сағат бесте келді. Ардақты ақсақалымызды Үйгентас ауданының шекарасында күтіп алдым. Қасымда Ж. Өмірзақов болды. Димекеңді Сарқаннан Жеңіс Жұманов ертіп келді. Шекараға жетісімен жекеменшік көлігінен Димекең түсті (айтуынша бұл жолғы мініп келген жеңіл машинасын АҚШтың бір коммерсант азаматы сыйға тартыпты). Қасында жеке дәрігері – Ахат Мүліков, Жеңіс Жұманов, Көбес Ақылбаев және жүргізушісі (өзі еркелетіп «Саша» деп атаған) бар.

Жүгіре басып алдынан шығып, «Ассалаумағалейкум, Димаш аға» деп сәлем бергенімде күлімсіреп оң қолын ұсына бергендей болып еді, іле қолын көтеріп, мені қапсыра құшақтай берді. Қуанғанымнан ағамның қойнына кіріп кеткенімді байқамай қаппын.... Өзімді, қасымдағы жолдасымды таныстырдым.

– Әлменмін де. Япыр-ау, сені бір жерден көрдім білем, – деді ол. Мен жөнімді айттым.

– Ал, Алакөл енді жақсы ғой. Жүрелік, рұқсат болса, – деді.

– Күн ашық, ауа райының бір қолайлы, қоңырсалқын кезі еді. Аға бастап, соңынан ерген көліктермен біз де жүріп кеттік.

Тегінде «Еліңе – елеулі, халқыңа – қалаулы бол» деген баталы сөзде зор мән-мағына барын сол жолы сезіндім. Олай дейтінім, ел ағасының келетіні жайлы халықтың бірі біліп, бірі білмесе де жолайы «Қызылащыға» соққанда соған көзім жетті.

Үлкен-кіші демей, әйел-еркек, балашағалар, тайлы-таяғымен дегендей түгелдей көшеге шығыпты. Бәрі де Димекеңді қарсы алғандар. Құшақтап, шашу шашып, сәлем беріп, кереметтей қошемет көрсетті. Ауылдың кіре-беріс үлкен көшесі ығы-жығы жиналған жұрт, қаптаған халық. Тіпті қазақи киініп, кереметтей бір сән-салтанатымен, бар ұлттық көркімен көмкеріле қалыпты.

Тұс-тұстан естіген елдің легі таусылар емес. Келе сәлем беріп, қызылды-жасылды киінген келіншек-қыздардың алдыңғы сапындағы ақ жаулықты аналар шашуды шашуын тоқтатар емес. Бөркін баса киген қариялар да келіп, сәлем беріп бетінен сүйіп, өзінің асыл азаматын, ардақты адамын бір

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

12 ҚАҢТАР – ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

анадан туғандай жақын тартып, өзімсініп шүйіркелесіп жатқанын көрудің өзі көзіңе еріксіз қуаныш жасын әкеледі екен.

Қаптаған елін, олардың құрмет-қошеметін көрген Димекең де жайраң қағып, алғашқы мен көргендей емес, қимыл-қозғалысы да ширап, марқайып, көңілденіп, жасарып кеткендей. Күле береді. Қасындағыларды, әсіресе, қарияларды кең құшағына қысып алып аялап, әрқайсысының денсаулығын, хәлін сұрап, мәре-сәре боп, ел ортасында шоқтығы биік атқа мінген адамдай, кеуде тұсы басқалардан тым озық күйінде көше бойлап кетіп барады. Жүріп барады, әркімге тіл қатып сөйлеп барады. Еліне елеулі, қадір-қасиеті артқан адам ғана, міне, осындай-ақ болар... Қайран, асыл ардағым менің, тірі пайғамбарым-ай деп тұрдым мен де ішімнен...

Бұл жерде әрине Ж.Жұмановқа да рақмет, алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Елдің құлақтануына, осылай қошеметпен қарсы алуына бірден-бір себепкер, ұйымдастырушы болған сол ғой. Сартылдатып суретке түсіріп жатқан ел. Бейне суретке түсірушілер де табыла кетіпті. Димекеңнің әр қадамы, әр қимыл-әрекеті түгелдей қамтылуда. Алды-артыңды орап, тұрып та түсіреді, отырып та басады. Әне, құрмет деп осыны айт.

Әрине, Димекең мұндай құрметке еті үйренген адам ғой. Аса көңіл бөліп жатқан ол жоқ. Ел ішінде халқының қасында, әркімнің жайын сұрап, әңгімеге тартады. Төрткүл дүниені түгелдей аралағанда әсіресе, Кеңес Одағы сияқты қомақты елдің көрнекті бір басшысы ретінде құрметтің небір кереметтерін көрген кісіге бұл кездесу таң емес. Бірақ бір түйгенім, туған елдің қасиет-қошеметі, туыстық құрметі алабөтен ерекше ғой. Егер Димаш ағамыз сол баяғы ел басшысы кезінде келсе, құрмет белгісі – мүлде ерекше болар еді де.

Дегенмен құрметті демалысқа шыққан қарапайым зейнеткерге деген мына құрмет шын көңілден шыққан ілтипат, сыйластық. Әрине, ағамыз да оны түсініп тұр. Сол үшін де ол өзін аса бақытты санап, көңілі аспан-көктің көкжиегін шарлап, ризалық пейілмен қарайды еліне.

Бақытты да қасиетті адамның жанына жақын тұрудың өзі де тым қуаныш екенін мен сонда мақтаныш сезіммен сезінгендей болғанымды жасыра алмаспын. Халық тарқар емес. Сол топпен бірге Димекең мұсылман үйіне барды. Түгел аралап көрді. Риза болды. Әсіресе, келе салып, елдің рухани өміріне баса назар аударып, мынандай қарапайым да болса орын салып бергені үшін Ж. Жұмановқа рақмет айтты және ерекше ризашылық пейілмен, аталық бата бергендей сезілді маған. Далаға беттегенде халықтың тілегі бойынша топ-топ болған адамдармен суретке түсті... Рақметін айтты. Мұсылмандар үйінен шыққан соң қасында ерген адамдардың біразымен Ж.Жұмановтың үйіне барды. Менің байқағаным, Димекең Жеңістермен жақсы таныс екен. Үйлерінде бірнеше рет болыпты. Оны бірге түскен суреттері анықтай түсетін сияқты. Біздің міндетіміз – қалай да қарияны қатты шаршатпау ғой. Оны қасындағы дәрігері Ахат та қайта-қайта есімізге сала береді. Сонымен дастархан басына аз-ақ адам жиналды. Димекең, Ахат, Көбес, Зекен молда (оны өзі ала кірді) мен, Жөкен. Жеңіс болса, баяғы жұбайы Зайра тік түрегеп күтіп жүр. Әлгі Жұмановтардың жанұясымен көп араласып келген екен дегенге бір дәлел: дастарханға отырар кезде Димекең бір сөздің реті келгенде Зайраға қарай: «Келін!» деп қалды. Сонда Зайра тұрып: «Ой аға, өмірі қызым, қызым деп келіп», – дей бергенде, «Кешір, қызымсың, кешір, байқамай қалдым!» деп қауқылдап күліп жатыр. Содан Алматыда, Қапалда етене араласқандары туралы біраз әңгіменің шетін шығарды. Жеңістің ұлы Әділді алдына алып, төрде отырды.

Димекең дастархан басында өте көңілді отырады екен. Тамақты дәрігері салып берген соң (Ахат үнемі қасынан екі елі кетпейді екен) ғана алады екен. Ол кезде Димекең әңгіме-дүкен құрып, елдің пейілін өзіне қаратып, басқалардың қысылып-қыстырылып отырмауына көңіл бөлетін сияқты.

– Әттең, дүние-ай деймін мен ішімнен, әттең, дүние-ай, бізде ғой... Қой фермасына бастық бола қалса да шірене түсіп, түсін суытып, маңайына қаһарлана қарай не болмаса тырысып, үндемей, өлі тыныштық орнатып, шіреніп бітетін бастықсымақтар.. есіме түсіп...

Қария көбіне жеміс-жидек жеп, бал қосқан қымыз ішеді екен... Соны көріп, көп араласып еліктеген ғой, Ахат та, Көбес те қымызға бал қосып ішіп отырды. Үлкен кісі шаршамасын деген ниетпен дәм тату рәсімі ұзаққа созылған жоқ. Бірақ аз отырыс болса да есте қаларлық уақыт өткенін бәрімізде іштей сезініп отырдық. Содан ас арасында кең демалды. Далаға шықты. Ашық әңгіме айты. Айтқан сөзі – тек елдің қамы.

Мұсылмандар үйінде айтқан бір әңгімесі есімде қалыпты. Анық түсінгенім: – Халықта бір бағынышты, іштей бас иетін, бір нәрсеге тоқтайтын орын болу керек қой. Бұрынғы Кеңес, оның мемлекеті, идеологиясы, бағыт-бағдарламасы түгел өзімен кетті ғой. Әрине, оларды толығымен жамандай беруге де болмас. Сол үшін де осы үйдің тұрғаны дұрыс, – деді. Дін – имандылыққа, жақсылыққа тәрбиелейді. Осыған қатты көңіл бөліңдер. О дүниелік болмайтын пенде жоқ деп бір өтті. (Сонда өзінің осы топырақты соңғы рет басып тұрғанын сезді ме екен) Сонан соң айтқаны: Менің арғы атам өз қаражатымен мешіт салдырған екен. Сол қасиетті орынды кейін басқа біреу иемденіп, аты-жөнін жаздырып қойыпты. Міне, оны әкем Ахмет арқылы хабарым бар еді, мен оны түзеттім. Мешіт қазір атамның атында деді. Аса риза көңілмен, үлкен бір абыройлы іс тындырғандай көтеріліп айтқаны есімде қалыпты.

Тамақтанған соң Көбес Димекеңе арнаған өлеңдерін оқыды. Өзі шығарған әндері бір кітап болып жарық көрген екен. Соған қарай отырып, бірнеше әнді орындай берді. Маған Көбестің өзі де, әні де, ұстанған сәні де ұнады. Ашық-жарқын, ысылған азамат екені көрініп тұр. Ол енді облыстағы Д.Қонаев қорының президенті болды ғой.

Амандық-саулықтан соң бәріміз саяжайға жеттік. Орналасу, күту, сыйлау жағы мінсіз болды, әрине, баяғыдай-ақ болды бәрі де. Барлық жағдай жасалған, оны жасап жүрген тағы да Ж. Жұманов. Өзі, әйелі Зайра бәрін тап-тұйнақтай етіп, жүгіріп жүріп күтті.

Димекең тегі жүріс-тұрысын, тамақтану демалысын бір арнаға түсіріп, әбден ретті режимге бейімденген болуы керек. Дәрігері Ахат не айтса, соған үнемі қарсылықсыз көніп, дағдыланған екен. Керек десеңіз, бәтеңкесінің бауын да Ахат шешіп, сол киіндіріп, байлап береді екен. Ізеттілік жасап, құрмет етуге ұмтылар болсаң да ... «Жоқ, Ахат бар ғой» деп аса жолата бермейді. Оның өзінде де кішіпейіл, қарапайымдылығы, кісілігі, әдептілігі көзге ұрып тұрады. Жасанды бір қимылын көре алмайсың. Ахатты туған баласындай көреді екен де, соған сәбиіндей сенеді екен. Мен осыны түсіндім... Ал, Саша болса көбіне сырттай бақылап, қарияның қас-қабағына, дұрыс тамақтануына, көлігінің таза, жайлы болғанына барынша назар аударатын адам болып шықты. Елден ерекше жақындығын, бұрыннан білетінін, бірге жүргендігін бұл да еркінсігендерін де байқай алмадым.

Сонымен режим демекші, қария түңгі он бір кезінде демалуға бет алды. Оның кереуетінің қасына Ахат жақын төсек қойып, қатар жатты. Мен қарсы бөлмеде жалғыз жаттым. Керек болып қалам ба деп қатты алаңдап жатқандықтан ба аса ұйықтай алмадым. Үлкенге қызмет істегенді, әсіресе, көзім көрген ел ағасы, тірі пайғамбарға қызмет еткеніме мақтанып та жүрдім. Оны тіпті де жасыра алмаймын. Саяжайда жағдай жақсы болды. Үлкен кісі демалар сәтінде бәрі қоштасып, қайтып кетті. Көбес те қайтты. Ұмытып барады екенмін, Димекең кешке қарай Әбдіғалимен біраз уақыт жеке әңгімелескен. Тоғайды жағалап, тентектің жанында тұрып, алаңды аралап дегендей. Әбдіғали кеткен соң бір шаруамен кіргенімде Димекең маған айтты:

– Әй, Әлеке (олай дегеніне мен ыңғайсызданып едім) өзің пайғамбар жасына кеп қапсың. Сені Әлеке десе, несі айып? – деді. Әлгі Әбдіғали әкімің маған ұнады. Өзі ыңғайсызданып, кешірім сұрады және айтуына қарағанда елдің қамын жейтін азамат екен. Мына жігіт, шіркін, дайын тұрған облыс әкімі ғой», – деп риза болғанын білдірді. Мен үндегенім жоқ, бірақ, айтқанына іштей қосылдым. Анау аудан шекарасынан тосып алмағанына өкінді ме екен, әлде жағдайды толық түсіндірді ме екен, әйтеуір, Әбдіғалиға риза көңілмен хош айтып, демалысын үзбей кете беруіне рұхсат етті. Жаңағы «Пайғамбар жасына кеп қапсың ғой» дегені менің есімнен кетпей қойды тегі. Ағатайым-ау деймін ішімнен, пайғамбар жасына да, пайғамбардың қасына да келдім ғой... Тәубе, тәубе дей беремін.

Ауа дегеніңіз рахат. Ызыңдаған маса, шуылдаған шыбын жоқ кез. Ағамыз алаңсыз демін алды. Мен таңғы 6:20-да тұрып кеттім де далада жүрдім. Димекең қасына Ахатты ертіп, тура 7:00-ден аса далаға шықты. Менің сәлемімді алып, біраз серуендедік. Тура 8:00-де Жеңіс пен Зайра да жетті. Көп әңгімелестік. Менің үй-ішімді, хал-жайымды, өткен өмірімді сұрап біліп, өзі де біраз әңгіме айтты.

Таңғы асты ішіп, біраз демалған соң Үшаралдағы «Шапағат» ардагерлер үйіне келдік. Келісім бойынша мұнда да жиырмадан астам ақсақал ағаларын тосып отыр еді. Тағы да суретке түсіру, бейнетаспаға басу басталды. Ақсақалдар сұрақ берді, жауап алды. Димекең ел жайлы, өмір жайлы, тұрмыс туралы көптеген әңгіме айтып берді. Алматыдан елге қыдыра келген Кәкімсейіт Қасымжанов Димекеңе арнаған өлеңін маған оқытты. Мен буындарының келмеген жерлерін келтіріп, жағымды етіп оқып бердім. Оны Димекең: «Барған соң қайта оқып, қарап шығамын, рақмет» – деп қабыл алды.

Димекең не айтса да елдің қамын жеп айтады екен. Біз соған сүйсіндік.

Ақсақалдармен қоштасар алдында Димекең Жеңіске қарап:

– Жеңіс, Алакөлге қашан барамыз, қашан шығатын едіңдер. Ал Әлмен дей берді... Әрине ел де түсінді. Рұқсат алып, сағат 11-ден асқанда 13-ші разъездке бет алдық.

«Шапағатта» болғанда мен бір қате жіберіп алдым. Ол мынадай жағдай еді. Дүкендерден Димекеңнің «Өтті дәурен осылай» қолтаңбасын көп таба алмадық. Содан дүкеншіге «Шапағатқа» Димекеңнің сыртында суреті бар Б.Тілегеновтің отыз шақты кітабын апарып қой, керек боп қалар дегенмін. Ол шіркін, айтқаныңды дәл орындапты. Сөйтіп өз кітабы жетпеген соң көпшілігіне, әлгі кітаптарға қол қойып берді. Тек қолын қойды да ештеңе жазған жоқ. Мен білсем, аса риза болмады-ау деп түйдім. Оны да келіп пайымдадым.

Ал өз кітабын апарғандарға тілек жазып, қол қойып берді. Ондай кітапты менде алдым, үйде тұр. Димекең ағайым оған: «Құрметті Әлменге! Ең жақсы тілекпен Д. Қонаев. 22/8 – 93ж. Үш-арал» деп қол қойыпты. Сөйтіп түс кезінде 13-ші разъезге келіп жеттік. Сонда қонатын болып келістік. Ол кісіге ортадағы үлкен екі бөлмелі үйдің ішкісі бөлінді.

Ал қария өте ширақ, аса көңілді еді. Барған бетте-ақ сол өңір туралы ертеде Ленинградтан мамандар әкеліп салдырған балықшылар зауыты жайлы әңгіме бастап кетті. Қызылащыда Жеңістің үйінде отырғанда да айтып еді. Осы жолы да құрылыс нысандарын сала берудің өте пайдалы екенін, оның тарихта, ел есінде қалатыны жайлы әңгімелер айтты.

– Әй, Жеңіс – деген, – Қызылащыда отырғанда, есіңде болсын, сен шаруаға икем басшысың ғой, тегінде құрылыс объектілерін салуда қандай қиыншылық болса да бір тоқтатпа. Құрылыс – ол болашақ. (Осал болса мына біздің Көбес неге сонда жүр дейсің ғой деп бір күлдіріп алды.) Егін бір жыл өнімді мол береді, бір жыл аз береді. Сондай-ақ мал телімінен де бірде озарсың, бірде қатардан қаларсың. Мал – уақытша дүние. Уақыт өтеді – мақталғаның да, датталғаның да ұмыт болады. Әсіресе, ел ұмытады сені. Ел ұмытпасын десең, елдің есінде мәңгі қаламын десең, алдымен құрылысқа көңіл бөл, – деген болатын. Осы орайда өзінің Алматы үшін қанша тер төккенін айтып өтті.

– Айтпақшы жігіттер, Құдай қаласа, осы октябрь айында қасыма Олжасты алып, құс аулауға келіп те қалармын. Әлмен, сенімен ақыры үйір болып қалдық қой, қаз тұрып бізді күтіп алатын боласың, – деді маған қарап.

– Құп болады, аға! Айтқаныңыз болсын! – дедім мен де.

– Бұл Олжас деген нағыз азамат – деді үлкен кісі. Оның басына бұлт үйірілген кезінде мен арашашы болғаныма осы кезде қуанамын. Айтпақшы, осы Олжасты ана жылдары М.Сусловтың қаһарынан сақтап қалғаным бар. Ол өзі ұзақ әңгіме. Жолың болғыр Леонид Ильичтің көмегі тиіп, ол да, мен де біраз тыныштанғамыз. О да бір заман екен ғой. Соңынан сол кезең жайлы, Мәскеулік бастықтар туралы, М.Сусловтың, Н. Косыгиннің жұмыс стильдері жөнінде көптеген әңгіме шертті. Бұл енді өте ұзаққа барар дүние екен. Біраз сыр шертіп, өз пікірін білдіріп, қызықты хикаяларды айтып берді... Ондай әңгімелерді естіген екенмін деп шетінен тізе берудің де реті болмас, сондықтан тек Н. Косыгин жайлы айтқанын ғана еске түсіремін. Н.Косыгинді Димекең қатты құрметтейді екен.

– Жарықтық Косыгин кісі еді ғой, – деді ақсақал, керек десеңіз, сол кездегі одақ көлемінде басшылықта отырғандардың ішінде дәл Косыгиндей көнімпаз, еңбекқор, алды кең, шаруақор кісі болған жоқ. Шаруаны өте жақсы білетін және дәл үстінен түсіп көріп отырғандай нақты шешетін. Шешетінін де керекті жерінде қаражатты

да аямайтын. Мына Алматы, тағы басқа қалалардың көркейіп, өскеніне сол кісінің тигізген қолқабысы ұшан-теңіз. Әсіресе, Қазақстанға аса бір беріліп, оң көзімен қарайтын. Мені де сыйлаушы, марқұм 40 жыл бойы дос болып өттік. Леонид Ильич пен Косыгин менімен «сен» деп сөйлесетін. Мен де солай. Өте сыйласып өттік. Ыстық көлі тасығанда тауда бірге болып, селдің астында қала жаздағанымыз бар, әйтеуір, аман қалдық. Соңынан сол тасқынның жолын бөгеуге қыруар қаржы бөлген де сол Косыгин жарықтық. Қақ-соқта шаруасы жоқ, тура қара жұмысқа жан-тәнімен берілген қара нар еді-ау деп тұрып қалды... Ойына не түскенін кім білсін. Біраз үндемей отырып: «Иә, Горбачевтің де, Колбиннің де

әуселесін көргеміз. Бірақ тарих деген үлкен кісі әркімді өз орнына қойды ғой! – деді.

Мына заман не болып барады, аға? – дедім мен бір кезде, үлкен кісінің пікірін білгім келіп.

– Бұл осылай кете бере ме деймін, – деді Димекең. Өйткені пысықайлар көбейіп кетті. Халықтың терлеп тапқан байлығына солар ие болып барады. Заманың солай болып барады, – деді. Өзің-ақ ойлашы, қазір миллионерлер саны орта есеппен 8%-ға жетіпті. Ал жасырынып жүргендері қаншама? Миллиардер де бар болар. Олар әзір көріне ме? Көрінбейді, әрине. Шеттен келіп алып, төр менікі деушілер қаншама! Әзірше заман солардікі болып тұра беретін де шығар. Әйтпесе, көп шығын болады, қан төгіледі түсіндің бе?! – деді маған. Бар билік те солардың қолына көшуі ғажап емес! Менің де қорқатын жерім сол. Сонан кейін әділдік іздеп, ат ерттеп көр, тыпыр еткізсін. Міне, заман дегенің! Алдымен тәртіп керек. Мемлекет түгілі, кішкентай ғана үйдің ішінде тәртіп болмаса, ештеңе болмайды. Сондықтан тәртіп қажет. Сонан кейін нағыз күретамыр саналатын орындар электроэнергия, мұнай өндірістері, газ т.б. негізгі объектілер мемлекет бақылауында, үкімет меншігінде бола тұрғаны дұрыс сияқты. Олай етпесең, дүниең астан-кестең болмасына кім кепілдік бере алады? Міне, осы сияқты көптеген ойларын ортаға салып, біраз отырып қалдық.

Сол арада дастархан басына шақырды. Әрине, аға алда, біз соңында орналасып жатқанда Димекең тұрып: «Жігіттер, былай болсын, мына төрге Мұқаметбай отырсын. Бұл кісі де менің өкшемді басып қалған ел ағасы екен! – деп қояр да қоймай төр алдына Мұқаңды отырғызып, өзі қасына орналасты. Оң жағында Ахат, қарсы келіп мен отырдым.

Тамақ келгенде басты тәрелкесімен алды да Мұқаңа ұсынды. Мен Құдай бұйыртса, талай басты ұстадым. Реті солай, енді басты сен ұста деп, Мұқаңа берді. Әне, кісілік, кішіпейілділік деп соны айтыңыз және соншалықты орынды сөзбен бұлтартпастай етіп орын-орнына қойып отырған да өзі. Әдептен озбай біз отырмыз. Жеңіс, Жөкен бастаған жастар жағы күтуші боп жүр. Саша да осында. Тамақ соңынан сыртқа шығып, біраз жүрген соң, қайтадан кең залға келіп, теледидарға қарсы орналастық. Жастар жағы бір шетте, Димекең, Мұқаметбай, мен бір шетке келіп отырдық. Қасымда ұстазым әрі сыйласымды жасы үлкен ағайым отырған соң мен кейінірек отырдым. Біраз әңгімелер осы жерде де айтылды. Көбіне әңгіме айтушы Димекең. Шаршатып алмайық деп сұрақ қоймасақ та өзі бастап, өзі түйіндеп отыр ағамыз. Ұзақ әңгіменің аяғы республика жайында, басшылар туралы да болды. Бәрі де биязы, әдепті, үлгі алар әңгімелер. Біз ол кісінің сөзін өсиет деп қабылдап отырмыз. Аумалы-төкпелі мына заманда қазақтан шыққан соңғы пайғамбардай асыл ағамыздың, дана ғалымның біздерге айтқан соңғы сөзі екенін сол күні аңғардық па біз?! Әйтеуір, дұрыс демалып, көңілді отырғанына мәз болып, асылымыздан айырылып, ауырып қалатынымызды қайдан білейік. Сөйтсек, айырылысатынымызға не-бәрі 20-25-ақ минут, қас қағымдай уақыт қалғанын сездік пе десеңізші... Сөйтіп отырғанда ие солай көңілді әңгіменің бір тұсында қалтасынан бір дәрі алып ішті. Ілешала, небәрі 3-4 минут өткен соң, орнынан ып етіп көтерілді де өзі жататын бөлмесіне қарай бет алды. Кетіп бара жатып: Ахат, жүр! – деді. Сөйтті де, екеуі жатар үйге кіріп кетті. Ақырын біз қалдық. Япырмау, не болды – дегендей. Біраз өткенде Ахат «Саша» деп жүргізушіні шақырды. Есікке жақын тұрған олда бөлмеге тез жетті. Содан 10-15 минут өткенде барынша күйзеліп, еңіреп, еңкілдеген Ахат Мүліков далаға шықты.

– Айырылып қалдым ағадан, мен бе мен – деп жылай берді.

Содан не керек, рұқсат бойынша біз де бөлмеге кірдік. Ең алғаш көргенде арықтау көрінген асыл ағамыз, ел ағасы, халық данасы, қайран Димекең, қазақ елін өрге сүйреген асыл адам, ардагер азамат барынша нұрланып, толып кеткендей кейіпте о дүниеге аттанып кеткенде де адамның алыбындай шалқасынан жатыр екен... Бәріміз де жылаймыз. Амал не, тағдыр өз дегенін істеп тынды. Димекең кешегі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде еліне қорған болған кемеңгер бабасы Төле би туған Алакөл-Итішпестің жағасында мәңгілікке көз жұмды. Кім білсін, табиғат тылсымы қос кемеңгердің таңының атуы мен батуын, дәмінің қосылуын бір көгенге байлауға жазған болар. Қайран ел асылы, кемеңгер дана, Димекең, сөйтіп, 1993 жылы 22 тамыз күні, кешкі сағат 7-ден 15 минут кеткенде мәңгілікке көз жұмды.

Артында аңырап елі қалды, кең байтақ жері қалды. Бәрі де оны Кеңсайға бірі өз аяғымен барып, қалғандары көкірек көкжиегінің барлауымен бір кісідей топырақ салды және шымшып қана салған төбе топырақ жетпей қалды. Мұсылман тарихында бұл Аятолла Хомини молладан кейінгі қазақ жеріндегі алғашқы оқиға еді.

Иманды болғыр Димекеңмен бір тәуліктен асар-аспас уақыттағы менің есімде қалғандары осылар. Басқа жерлеріне, тіршілік болса, тағы да тоқтала жатармыз.

Сонау саналы жас кезімнен бастап, мынау менің Алатаудай ақ басыма, өң бойыма оның барлық сай-салаларына «кәрілік» атты бір рулы ауыл қоныс қонып, асықпай-саспай, түбегейлі орналасып, мәңгілік қыстау салып жатқан арадағы кезеңді мен Димекеңмен бірге болған бір тәулікке теңгермеймін де, айырбастамас та едім...

Әлмен АХАНҰЛЫ,
Алматы облысының Құрметті Азаматы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БИЗНЕС

ВЫДАЧА СЕРТИФИКАТОВ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ТОВАРОВ ВЫРОСЛА

Как передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы, в южной столице объем производства товаров растет. За 2022 год алматинской палатой предпринимателей было выдано 1457 сертификатов СТ-КЗ. В Алматы выдача сертификатов происхождения товаров выросла в 2 раза

В 2021 году показатель составлял 772 сертификата, в 2020 году 470.

По словам эксперта отдела сертификации происхождения товара Сауле Нурбековой, за 2022 год алматинской палатой предпринимателей было выдано 11 815 экспортных сертификатов. В 2021 году этот показатель за полный год составлял 9 827 сертификатов, в 2020 году – 5 967.

Особое значение в области сертификации имеет Индустриальный сертификат, который выдается если у предпринимателя имеется собственное производство, оснащенное технологическим оборудованием, есть специалисты. Выдача проходит в 2 этапа.

«*Индустриальный сертификат очень важный документ. Для получения документа на первом этапе предприниматель должен получить заключение отраслевого эксперта отраслевой ассоциации. Отраслевой эксперт определяет соответствие производства предпринимателя установленным требованиям и выдает заключение. Получив положительное заключение, предприниматель подает заявку через сайт Национальной палаты предпринимателей atameken.kz. Далее оформлением индустриального сертификата займутся специалисты региональной палаты предпринимателей вашего региона*», – отметила специалист.

Сертификат выдается бесплатно на 3 года. Однако, если в производстве товара, поставке работ и услуг нет изменений, сертификат необходимо ежегодно актуализировать. Если же есть изменения, предприниматель должен подать заявление о внесении изменений в сертификат.

За 2022 год алматинская палата выдала 68 индустриальных сертификатов.

«*Эксперты обследуют предприятия на на-*



личие базы, оборудования, технологии, а также на соответствие заявленной мощности производства. Если производство соответствует всем требованиям индустриальный сертификат выдается без каких-либо сложностей. Правила формирования индустриального сертификата разработаны совместно с бизнес-сообществом, включение производителя в реестр осуществляется безвозмездно и добровольно. Сейчас идет процесс релокаций зарубежных компании в Казахстане. В связи с этим работа по сертификации товаров будет увеличена и усилен контроль по выдаче сертификатов», – отметил директор палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов.

Справочно: Индустриальный сертификат – документ, который подтверждает, что предприятие является отечественным производителем. В соответствии с положениями статей 12 и 14 Закона «Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан» НПП РК формирует и ведет реестр отечественных производителей товаров, работ и услуг, осуществляет оформление, удостоверение и, выдачу сертификата о происхождении товара и отмену его действия в порядке, установленном уполномоченным органом в области регулирования торговой деятельности.

Ш. ХАМИТОВ.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

БЕСПЛАТНЫЕ КУРСЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ОТКРЫЛИСЬ

Бесплатные курсы казахского языка открылись почти по всей стране. Молодежное крыло AMANAT «Жастар Рухы» запустило республиканский проект «Менің елім — менің тілім». В рамках проекта созданы специальные разговорные клубы «Сөйле» в 12 регионах страны, передает ИА «NewTimes.kz».



В рамках проекта будет организован комплекс мероприятий, также предусмотрена программа обучения говорению, письму и чтению в Астане, Алматы, Абайской, Акмолинской, Актюбинской, Алматинской, Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Карагандинской, Костанайской, Павлодарской и Северо-Казахстанской областях.

«*В последние годы в стране растет уважение к казахскому языку, он приобретает особый статус. Если раньше некоторые молодые люди, граждане говорили на казахском при необходимости, то сейчас это вводится в повседневную жизнь. Однако это не означает, что применения казахского языка не было, а скорее расширяются сферы его использования. В Казахстане проживают представители более 130 национальностей. Растет число людей дружественных национальностей, которые интересуются и осваивают наш язык. В связи с этим, молодежное крыло запускает проект под названием "Сөйле". Хочу отметить, что это отличная возможность для желающих быстро и легко обучиться казахскому языку бесплатно*»,— говорит председатель «Жастар Рухы» Нуржан Жетписбаев.

Представители молодежного крыла отмечают, что в ходе проекта участники будут активно участвовать в домбровых кружках, литературно-духовных вечерах, различных челленджах, которые проходят в стенах коворкинг-центров и ВУЗов регионов.

Адреса проведения разговорного клуба «Сөйле»:

Астана — коворкинг центр городского филиала МК «Жастар Рухы», проспект Тәуелсіздік, 3. 8 776 115 72 05

Алматы — коворкинг центр городского филиала МК «Жастар Рухы», улица Абылай хана, 79. 8 708 671 20 25

Акмолинская область — коворкинг центр, Кокшетау, улица Ауельбекова, 117. 8 747 498 60 18

Актюбинская область — коворкинг зал молодежного ресурсного центра Актобе, улица Сатпаева, 16 С. 8 747 124 19 99

Алматинская область — городская библиотека Кунаева, 1 мкр., 28 А. 8 747 995 10 15

Восточно - Казахстанская область — центральная библиотека Усть-Каменогорска, улица Казахстанская 102. 8 747 953 05 58

Западно — Казахстанская область — областная детская библиотека имени Х. Есенжанова Bilim Ortalyqy, Н. Назарбаев 166/2; Ж. Молдагалиев 19, здание AMANAT, офис 109. 8 777 479 35 90

Карагандинская область — коворкинг Qolday, Караганда, улица Алиханова, 4. 8 708 968 80 58

Костанайская область — областная библиотека Костаная, улица Алтынсарина, 111. 8 707 630 10 97

Павлодарская область — коворкинг центр областной универсальной научной библиотеки имени С. Торайгырова, Павлодар, улица Сатпаева, 104; co-working центр Павлодарского областного филиала партии AMANAT, улица Кривенко, 25А. 8 747 916 76 02

Северо-Казахстанская область — актовый зал Городского молодежного ресурсного центра, Петропавловск, Назарбаева, 69. 8 777 335 96 05

Абайская область — центральная библиотека имени Абая коворкинг центр, Семей, улица Абая 86. 8 707 295 77 39

● ОБРАЗОВАНИЕ

ИЗМЕНИЛИСЬ ТРЕБОВАНИЯ К ШКОЛЬНОЙ ФОРМЕ

Министр просвещения приказом от 30 декабря 2022 года внес изменения в требования к школьной форме для организаций среднего образования, сообщает Zakon.kz.

Так, к элементам школьной формы как для девочек, так и для мальчиков добавлены трикотажная кофта/кардиган на пуговицах или замке, рубашка поло или тенниска.

Школьная форма для мальчиков включает:

- пиджак, жилет, брюки, парадную рубашку, повседневную рубашку, либо трикотажную кофту/кардиган на пуговицах или замке, рубашку поло или тенниску (зимний период: трикотажный жилет, водолазку). Брюки для мальчиков свободного кроя и по длине закрывают щиколотки ног.

Школьная форма для девочек включает:

- пиджак, жилет, юбку, брюки, классическую блузку, либо трикотажную кофту/кардиган на пуговицах или замке, рубашку поло или тенниску (зимний период: трикотажный жилет, сарафан, водолазку). Брюки для девочек свободного кроя и по длине закрывают щиколотки ног.

Вместе с тем исключено требование к парадной форме (белая рубашка — для мальчиков, белая блузка — для девочек).

Также теперь не является обязательным элементом галстук.

На школьной форме допускается размещение отличительных знаков: эмблема, нашивка, шеврон и другие организаций среднего образования.

В качестве тканей для школьной формы желательно использовать полушерстяные и хлопковые ткани с улучшенными свойствами, имеющими высокую износостойкость, обладающие антибактериальными, антимикробными и антистатическими свойствами. Ранее это было обязательным условием.

Предусматривается, что родители и иные законные представители детей, члены школьного самоуправления, попечительского совета и родительского комитета принимают участие в обсуждении вопросов школьной формы и вносят свои предложения.

Выбор фасона школьной формы и длины юбки определяется организацией среднего образования и советом (попечительский совет, родительский комитет, школьное самоуправление), утверждается протоколом общешкольного родительского собрания.

Вместе с тем органы управления образованием могут рекомендовать приобретение школьной формы у отечественных производителей, однако не могут оказывать предпочтение отдельным производителям школьной формы.

При приобретении школьной формы родители самостоятельны в выборе ее производителя.

Приказ вводится в действие с 10 января 2023 года.

МЕДИАЦИЯ

РЕШАЮТ СПОР ПУТЕМ ПЕРЕГОВОРОВ

ВСЕМ ИЗВЕСТНО, ЧТО С 1 ЯНВАРЯ 2016 ГОДА ДЕЙСТВУЕТ НОВЫЙ ГПК РК. ОДНИМ ИЗ НОВШЕСТВ В ЭТИХ НОРМАТИВНЫХ АКТАХ ЯВЛЯЕТСЯ ПРОДВИЖЕНИЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫХ ПРОЦЕДУР РЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ. СУЩЕСТВУЮТ ВИДЫ АРС: ПЕРЕГОВОРЫ, МЕДИАЦИЯ, ПРЕТЕНЗИОННЫЙ ПОРЯДОК. ДОПОЛНЕН ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ НАДПИСЬЮ, ПАРТИСИПАТИВНОЙ ПРОЦЕДУРОЙ, СУДЕБНОЙ МЕДИАЦИЕЙ.

Целями медиации являются: достижение варианта разрешения спора (конфликта), устраивающего обе стороны медиации; снижение уровня конфликтности сторон.

При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допустимость которых определяется настоящим Законом.

Медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации.

Не допускается вмешательство в деятельность медиатора при проведении медиации со стороны лиц, указанных в пункте 1 настоящей статьи, кроме случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Для расширения сферы применения медиации и уменьшения нагрузки на судей, процедура медиации внедрена в судебную систему. В целом, утвержденные судом соглашения об урегулировании спора в в порядке суд медиации и классической медиации, а также соглашение в порядке партисипативной процедуры имеют такую же юридическую силу, как мировое соглашение. Следовательно, принудительное исполнение данных соглашений производится по правилам исполнения мирового соглашения.

Азиза СЫДЫКОВА,
ведущий специалист
Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСКЕТБОЛ

ЖЕТІСУ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ

БАСКЕТБОЛДАН ЖАСӨСПІРІМ ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. АТАЛМЫШ БӘСЕКЕГЕ 12 КОМАНДА ҚАТЫСЫП, 120 ОЙЫНШЫ БАҚ СЫНАСТЫ.

Екі күн бойы жан алып, жан беріскен ойында чемпиондыққа үміткер командалар көп болды. Әр өңірден іріктеліп келген баскетболшылардың ішінде ақсулықтардың қарқынына ешкім қарсы тұра алмады.

Чемпионат нәтижесі бойынша ұлдар арасында 1-орынды Ақсу ауданының командасы иеленсе, 2-орынды Текелі қаласы қанжығасына байлады. Ал 3-орынға Талдықорған командасы қол жеткізді.

Бұрымдылар арасында алтын тұғырға Текелі қаласының арулары жайғасты. 2-орынды ақсулық қыздар місе тұтса, 3-орынға жергілікті Талдықорған командасы жайғасты.

ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ 4-11 КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫСҚЫ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ.

НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕДІ

Жарысқа 10 команда қатысты. Олардың ішінде Алматы қаласының «Буревестник» командасы, киелі Түркістан қаласының мықты ойыншылары да бақ сынасты. Додада топты жарып, өзінің үздік ойынымен көзге түскен Жетісу спортшылары намысты қолдан бермей, қанжығаларына байлады.

Алдыңғы қатардан көрінген жерлесіміз Батыр Жұмағұл «Үздік ойыншы» номинациясына ие болды.

Жерлестерімізді тұғырлы жеңісімен құттықтаймыз!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ФУТЗАЛ

ЖАҢАДАН ОЙЫНШЫЛАР ҚОСЫЛДЫ

Футзал сапына жаңадан ойыншылар қосылды. «Жетісу» командасының құрамында ойнайтын бұл ойыншылар жоғары талаптарға сай келетін футболшылар.

Атап айтсақ, Рустам Хамидов «Оқжетпес» құрамасында жақсы ойын өрнегін көрсете білді. Өз мансабында 20 ойын ішінен 8 гол соқты. Бүгінде «Жетісу» сапында қосылды. Футбол-шы алдағы уақытта өз өнерін көрсетіп, үздік ойыншылардың қатарынан көрінері сөзсіз.

Команданы толықтырғандардың тағы бірі – Мұхаммед Шарипов. Ол өткен маусымда «Соро компания» атты құрама- да ойнаған.

«Жетісу жеріне жаңа командаға қабылданып жатырмын. Бұл үшін өте қуаныштымын. Ендігі кезекте басқа қырымнан танылып, жақсы нәтижеге қол жеткіземін деп үміттенемін», – дейді футболшы.

Ал көптеген жанкүйердің көзайымы болған Арман Қаражанов осы маусымда «Жетісу» командасымен қайта қауышты. Атап айтсақ, ол алдағы мансабын Астанадан кейін Жетісуда жалғастыратын болады. Осы күнге дейін бұл футболшы 72 ойын ішінен 12 гол салып, көзге түскен. 24 жасар жас спортшы үшін бұл өте жақсы нәтиже.

2023 жылғы маусымның бұл жаңалығы барша жанкүйер-лердің жүрегіне ерекше сезім әкелетіні анық. Алда болатын ойында «Жетісу» футзал командасының жаңа ойыншыларына тек сәттілік тілейміз!

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

УНИВЕРСИАДА

78 ӨРЕН ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында XXX қысқы Дүниежүзілік универсиаданың алауы тұтанады. Жер-жаһанның ең үздік студент-спортшылары бас қосқан жарыста Қазақстанның 78 өрені өнер көрсетеді. Жерлестеріміз биатлон, сноуборд, шаңғы, тау шаңғысы, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шаңғы қоссайысы, коньки, шаңғымен трамплиннен секіру және шайбалы хоккей секілді спорт түрлерінен бақ сынайды.

Жалпы Қазақстанның спортшылары қысқы Универсиада ға 1993 жылдан бері үздіксіз қатысып келеді. Польшаның Закопане қаласында өткен алғашқы жарысында жерлестеріміз жалқы күміске қол жеткізген еді. Оны Өскеменнің «Торпедо» клубы ойыншыларынан ғана жасақталған хоккейшілер құрамасы жеңіп алды. Жарыс барысында барлық қарсыласын сыпыра ұтқан Олег Домрачевтің шәкірттері финалда Ресей құрамасына есе жібергені есімізде.

1995 жылы Испанияның Хакасында шайбалы хоккейшілеріміз қарсылас шақ келтірмеді. Бұл жолы олар ресейліктердің өзін сан соқ тырып кетті. Мәнерлеп сыр-ғанаушылар сайысында Марина Халтурина мен Андрей Крюков алдарына жан салмаса, Дмитрий Казарлыга мен Елизавета Стекольникова қолаға қол созды. Олар жұптық сайыстарда өнер көрсетті. Яғни Пиреней түбегінде отандастарымыз 2 алтын мен 1 қоланы иеленді.

1997 жылы Муджу (Оңтүстік Корея), 1999 жылы Попрад (Словакия) және 2011 жылы Закопанеден (Польша) қоржынымыз бос қайтты. Есесіне одан кейінгі үш дүбір-лі додада студенттеріміз керемет көрсеткішке қол жеткізді. Атап айтсақ, 2003 жылы Ита-лияның Тарвизиосында алты жүлдені қоржынға салдық. Апеннин түбегінде Николай Чеботько мен Светлана Малахова алтын алса, Оксана Яцкая мен Андрей Головко күміспен күптелді. Сондай-ақ Дария Старостина эстафта мен жекелей бәсекеде қола медаль еншіледі. Бұл спортшылардың барлығы да – шаңғышылар.

2005 жылы Аустрияның Инсбургінде табысымыз тіптен керемет болды. Ол кезде отандастарымыз 4 алтын, 1 күміс және 2 қоланы олжалады. Бұл жүлделердің барлығы да шаңғышылардың еншісінде. Тарқатып айтсақ, Е.Кошевая, С.Малахова, А.Головко, Н.Чеботько, М.Однодворцев, Е.Кошевой, О.Яцкая, Е.Коломина, С.Малахова – бірінші, Н. Чеботько – екінші және Е.Коломина мен М.Однодворцев үшінші орындарды иемденді. 2007 жылы Италияның Турининде 2 алтын, 1 күміс жә-не 2 қоланы қанжығаға байладық. Жеңіс тұғырына көтерілген жерлестеріміздің дені жоғарыда есімдері аталған шаңғышылар мен шайбалы хоккейшілер командасы еді.

2009 жылы Харбиннен (Қытай) құралақан оралсақ, 2011 жылы Эрзурумде (Түркия) алты жүлде алдық. Анадолы елінде Дарья Рыбалова (биатлон) алтыннан алқа тақса, Д.Моисеев (фристайл), Г.Матвиенко (шаңғы), Д. Волотко (шаңғы), А.Осипов (шаңғы) және эстафетаға қатысқан спортшыларымыз қола медальді мойындарында жарқыратты. 2013 жылы Трентинода (Италия) 2 алтын, 2 күміс және 1 қола бұйырды. Бұл жүлделердің төртеуін шаңғышылар жеңіп алса, тағы біреуін хоккейшілер еншіледі.

2015 жылы Испанияның Гранадасы мен Словакияның Штрбске Плесо қалаларында жалауы желбіреген жарыста Қазақстан құрамасы өз тарихында тұңғыш рет жалпыкомандалық есепте үздік үштіктің қатарынан көрінді. Бұған дейінгі ең жақсы көрсеткішіміз 2005 жылы Инсбурктегі жетінші орын еді. Ал бұл жолы 5 алтын және 6 күміс олжалады. Барлығы – 11 жүлде. Анастасия Слонова (шаңғы) екі мәрте алтын тұғырға көтерілсе, Юлия Галышева (фристаил), Павел Колмаков (фристайл) және Алина Райкова (биатлон) бір-бір реттен дәл сондай құрметке бөленді. А.Слонова, А.Ланчакова (шаңғы), Д.Рейхерд (фристайл) және шайбалы хоккейшілер, шаңғышы-лар, биатлоншылар құра-масы күміспен күптелді.

2017 жылғы XXVIII қысқы Дүниежүзілік универсиаданың алауы Алматыда тұтанды. Қазақстан тарапынан осындай мәртебелі жарысты аса жоғары деңгейде өткізу үшін қыруар жұмыс атқарылды. Алатау баурайында жарыс жолына 56 мемлекеттен келген 1 604 студент шықты. Олар 12 спорт түрі бойынша 85 жүлде жиынтығын сарапқа салды. Бақ сынаушылар қатарында Олимпия ойындары мен әлем чемпионаттарында атой салған саңлақ спортшылардың да қатары қалың болды. Жалпы есепте Ресей құрамасы (29 алтын+27 күміс және 15 қола) алдына жан салмады. Қазақстанның өрендері (11+8+17) екінші орынды олжалады. Оңтүстік Корея (11+8+17) үшінші сатыға табан тіреді. Сондай-ақ үздік бестіктің қатарына Жапония (6+12+10) мен Польшаның (5+2+5) өкілдері енді.

Қазақстан құрама командасы сапында биатлоншы Галина Вишневская, фристайлшы Юлия Галышева мен Дмитрий Рейхерд мол олжаға кенелді. Олардың әрқайсысы екі алтыннан олжалады. Алина Райкова (биатлон), Иван Люфт, Анна Шевченко мен Олжас Климин (шаңғы), Денис Тен (мәнерлеп сырғанау), Жанбота Алдабергенова мен Бағлан Іңкәрбек (акробатика) сынды сайыпқырандарымыз бір-бір реттен Қазақ елінің әнұранын шырқатты.

2019 жылғы Универсиаданы Ресейдің Красноярск қаласы қабылдады. Бұл жарысты жерлестеріміз 4 күміс және 3 қоламен қорытындылады. Әсет Дүйсенов (шаңғы), Павел Колмаков (фристаил), Элизабет Тұрсынбаева (мәнерлеп сырғанау) және шаңғыдан Қазақстан құрамасы эстафеталық сайыста екінші орынды еншілесе, Жанбота Алдабергенова мен шорт-тректен еліміздің ерлер және әйелдер командасы үшінші сатыға жайғасты. 2021 жылы Швейцарияның Люцерніндегі дода Жер-жаһанды жайлаған коронавирус дертінің салдарынан өтпей қалды.

Міне, қысқаша баяндасақ, Қазақстанның студент спортшыларына қатысты қысқы Дүниежүзілік универсиаданың тарихы осындай.

egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ШОШҚА ТҰМАУЫНЫҢ БЕЛГІСІ ҚАНДАЙ?

Әлем короновирус салдарынан айығып үлгермей жатса, жаңа аурудың толқыны басталды. Осы қыста шошқа тұмауы кең тарап жатыр. Шошқа тұмауы жайлы не белгілі және қалай оның алдын алуға болады?

Шошқа тұмауы жайлы алғаш рет өткен ғасырдың 30-жылдары айтыла бастады. Бұл ауру 80-жылдарға дейін тек шошқалар үшін қауіпті болған. Бірақ кейін вирус мутацияланғаннан кейін ол адамдарды да зақымдай бастайды.

Мамандар шошқа тұмауының белгілерін нақты анықтаған жоқ. Бірақ олар оның белгілері маусымдық тұмауға ұқсайтынын айтады. Олардың негізгілеріне мыналар жатады:

- маңдай тұстың ауыруы;
- бұлшықеттер мен буындардың қатты ауырсынуы;
- қалтырау;
- жалпы әлсіздік;
- жүрек айну және іш өту;
- жарықтан қорқу және көзін қозғағанда ауырсыну сезу.

Шошқа тұмауымен ауырған адамның алғашқы сағаттарда дене температурасы 38-40 градусқа көтеріледі. Кей науқастардың тамағы қызарып кетеді.

Қалай таралады?

Бұл аурудың вирустары жануардан адамға және керісінше, адамнан жануарға беріледі. Сондықтан қауіп-қатер тобына жұмысы ауру жануарлармен байланысты адамдар жатады.

Бактериялар жөтелу және түшкіру арқылы таралады. Сондай-ақ оны вирус қонған затты ұстау арқылы да жұқтырып алуыңыз мүмкін.

Алдын алу

Иммунитетті қатайтыңыз. Күнде таза ауада серуендеңіз, С дәруменіне бай жемістер мен көкөністерді көбірек жеңіз. Себебі иммунитеттің басты жауының бірі - құрғақ ауа. Сондықтан шырышты қабықшаны жүйелі түрде ылғалдандырыңыз, бөлмені желдетіп тұрыңыз.

Маска киіңіз

Адам көп жиналатын қоғамдық жерлерде маска киіңіз. Алайда бір реттік масканы әр екі сағат сайын ауыстыру керек.

Қолды мұқият жуыңыз

Адам күніне әртүрлі нәрселерді ұстайды. Олардың бетінде ауру тудыратын микробтар болуы мүмкін. Сондықтан қолыңызды жақсылап жуып тұруды ұмытпаңыз. Егер қолыңызды жиі жууға мүмкіндік болмаса, өзіңізбен бірге антисептик немесе ылғал майлық ұстап жүріңіз.

turkystan.kz

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Құндыз тері

Базарда біреу теріні бұлғап:

– Құндыз терісін алыңдар! Құндыздың терісі! – деп айғайлап жүріпті. Бір кісі оны тоқтатып, теріні ары-бері аударып көріп:

– Ей, қайдағы құндыз?! Мынауың кәдімгі иттің терісі ғой десе,

– Саудагер иттің аты Құндыз болатын депті.

Менің әкем...

Аулада ойнап жүрген балалар бір-біріне әкелерінің өте жылдам екенін айтып мақтанып отырады. Біреуі: «Менің әкем садақ атса, нысанаға ұшқан жебеден бұрын жетіп барады» дейді. Екінші бала: «Сол да сөз боп па? Менің әкем тапанша атып, оқтан бұрын нысанаға жете алады» дейді. Сонда үшіншісі: «Ал менің әкем... Ал менің әкем жұмыс уақыты бесте біткенімен сағат үште үйде отырады», – деген екен.

Айды аспанға шығардым

Бір күні Қожанасыр түнде шөлдеп құдыққа барып су ішейін депті. Құдықтың түбіне қараса айдың бейнесі суға түсіп тұр екен. Ол ай құдыққа түсіп кеткен екен деп шелекті құдықтан қатты тартқаны соншалық тіпті өзі шалқасынан түсіпті. Аспанға қараса ай тұр екен. Сонда Қожанасыр қуанып «Айды аспанға бір шығардым-ау», депті.

massaget.kz сайтынан алынды.

ТӘМСІЛ

Дәрежесі жоғары болуы мүмкін

Ертеде бір хан ел билеген екен. Бір күні түсінен қатты шошып оянып кетеді. Таңертең уәзірін шақырып:

– Дайындал. Сарайдан сыртқа шығамыз, – депті.

Екеуі қарапайым киім киіп, ел аралай бастайды. Бір Ауылға жеткенде, түсінде көрген жерін танып, тоқтайды. Адамдар көп, бәрі өз тіршілігін жасап жүр. Жерде бір адам құлап жатыр. Бірақ оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Сонда Хан жергілікті адамдардан:

– Ей Адамдар! Бұл кім? Неге бұлай тапталып қор болып жатыр? – деп сұрапты.

– Бұл адам араққұмар біреу. Ол ешкіммен араласқан емес. Онымен 40 жылдан бері көрші тұрамын. Бірақ көрші болып бас қосқан емеспіз. Өзі –нағыз ағаш шебері. Таң атқаннан кешке дейін жұмыс жасайды. Бірақ тапқанына қай жерде арақ болса сатып алады. Тіпті үйіне жөзекшелерді ертіп бара жатқанын көретінмін. Ешбір адамға жақсылығы тимеген. Сондықтан да осылай жатыр.

Адамдар жан-жаққа тарап кетті.

– Жүріңіз, Хан ием, біз де кетейік.

– Жоқ. Менің түсіме бұл адам неге кіргенін түсінбедім. Алла маған оны жерле деп аян етті. Мен Алланың қалауын орындаймын. Тек оны жуындыратын жер керек. Жүр, оны мешітке алып барайық.

Мешітке алып барса, мешіттің имамы:

– Бұл адамды кіргізе алмаймын. Ол Аллаға қарсы шықты. Алла оның жазасын берді, – деп жолатпайды.

Хан оны көрші ауылдағы мешітке алып барады. Ол мешіттің имамы оны көргенде жылай бастайды. Сонда хан:

– Сіз оны танисыз ба?

– Иә. Ол өте жақсы адам еді. Намазын уақытында оқып, Алланың жолында жүрген адам болатын, – дейді. Үшеуі оның жаназасын шығарып жерлейді.

Хан «Неге адамдар ол жайында әртүрлі пікір айтады? Шын мәнінде қандай адам болды екен?» деп қызыға бастайды. Сұрастырып жүріп, үйіне барады. Есікті бір әйел ашады. Хан оған күйеуін жерлеп келгенін, барлық мән-жайды баяндайды. Әйел көзіне жас алады.

– Сіздің жолдасыңыз қандай адам еді?

– Мен онымен мақтанамын! Ол өз жанын Алланың жолында құрбан етті.

– Бірақ көршілеріңз теріс пікірде ғой. Олардың айтуы бойынша араққұмар, қатынқұмар болған екен. Ешбір адамға көмегі тимеген деп наразы.

– Мырза, олар жолдасым қандай жақсылық жасағанын қайдан білсін?! Иә, ол арақ бар десе жанын беріп болса да сатып алатын. Бірақ өзі ішкен емес. Өзгелер ішпесін деп ауылдағы бүкіл арақты сатып алып, дәретханаға төгетін.

– Иә, ол жөзекшелерді үйге әкелетін. Бірақ олармен бірге болған емес. Өзгелер олармен бірге болып, күнәға батпасын деп, оларды үйге әкелетін. Мен сендердің уақыттарыңды сатып алдым. Ол уақытты қалай өткізсем де өз еркім дейтін. Түніменен оларға Алланы насихаттап, имандылыққа шақыратынбыз. Соның арқасында жеңіл жүрісті әйелдер біршама азайып қалған еді.

– Бірақ неге көршілерге ештеңе айтпаған?

– Мен оған қаншама рет айттым. Елге шыныңды айт. Олар теріс пікірде. Ертең біз дүние салсақ, кім жерлейді? – деп.

Бірақ ол тыңдамады «Менің жақсылығымды Алла көріп тұр. Маған сол жеткілікті. Адамдар қалай ойлатынында шаруам жоқ. Ең бастысы Алланың алдында арым таза. Халыққа айтып олардың қошеметіне ие болу қажет емес. Ақыретте Алланың қошеметі қажет. Сені кім жерлейді деп қорықпа. Алла сүйген құлын ешқашан ит-құсқа жем етпейді. Мен жаратушыға сенем. Егер жоғарыдан әмір келіп жатса, тіпті ханның өзі жерлеуі мүмкін», – деп күлетін. Ол намазын көрші ауылдағы мешітке барып оқитын. «Неге өзіміздің ауылдағы мешітте оқымайсың?» – десем, «Бар жан-тәніммен Аллаға берілген имамның артында тұрып намаз оқып жатып, көзімді жұмғанда қағба көрінгендей болады» дейтін.

Бұдан шығатын қорытынды сіз жаман деп ойлап жүрген, жерден алып, жерге салып тілдеп жүрген адамыңыз Алланың алдында дәрежесі жоғары жан болуы мүмкін... Құдайға шын жүрегімен берілген жанды Алланың қараусыз қалдырмайды. Жаратушыға деген көңіліміз ақ болса, оның да бізге берері таусылмақ емес.

tolqyn.kz

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ЖАҚСАРТАТЫН ӘДІС

Гаджеттер дәуірінде көз көруінің нашарлауы өзекті проблемаға айналып отыр. Егер заттарды анық көру қабілетіңізді жоғалта бастасаңыз, маманға қаралып, қажет ем алуыңыз керек. Ал көз ауруларының алдын алуға және көздің шаршауын басуға арналған жапон офтальмологы Руи Хирамацудің қарапайым техникасы бар.



Дәрігер Хирамацудің әдісі бір қарапайым жаттығуға негізделген. Маманның айтуынша, бұл жаттығуға күніне бірнеше минут бөлу жеткілікті. Жаттығу жасауға Габор дақтары бар сурет қажет. Оны ғаламтордан таба аласыз.

Жолақтарға үш минут бойы қарап, екі бірдей түрін табуға тырысыңыз.

Хирамацудің айтуынша, оның техникасы көру орталықтары орналасқан ми бөлігінің нейрондары арасындағы байланысты түзеуге көмектеседі. Ал ол көз көруінің жақсаруына әкеледі.

Риу Хирамацу – көзді үйде жаттықтыруға арналған басқа да әдістердің авторы. Мәселен, жақында және алыста тұрған екі объектіні таңдап, екеуіне кезектесе қарау арқылы көзді жаттықтыруға болады. Мұндай жаттығу көз бұлшықеттерін босаңсытуға көмектеседі.

Сондай-ақ Риу Хирамацу көзге жылы суға суланған орамал басуды ұсынады. Ол қан құйылуын арттырып, көздің тітіркенуін және бас ауруын басады.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 38
Индекс 15534